# «Қазақстан қор биржасы» АҚ

## Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік

*2020 жыл үшін*
*тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен бірге*

# МАЗМҰНЫ

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІК

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп....1
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп....2
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп....3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп....4

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызметінің сипаты....5
2. Қаржылық есеп берушілікті дайындау негіздері....6
3. Есеп саясатының негізгі ережелері....7
4. Маңызды есептік пікірлер және бағалаулар....20
5. Қызметтерді көрсетуден түскен түсім....20
6. Пайыздық кірістер....21
7. Операциялық шығыстар....21
8. Салық салу....21
9. Акцияға пайда....23
10. Ақша қаражаты мен оның баламалары....23
11. Кредиттік ұйымдардағы қаражат....24
12. Орталық контрагенттің қаржы активтері мен міндеттемелері....24
13. Инвестициялық бағалы қағаздар....24
14. Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар....25
15. Сатуға арналған активтер....25
16. Негізгі құралдар....25
17. Материалдық емес активтер....26
18. Берілген аванстар....27
19. Басқа да активтер мен міндеттемелер....27
20. Клирингке қатысушылардың қаражаты....28
21. Жарғылық капитал....28
22. Шарттық және шартты міндеттемелер....30
23. Тәуекелдерді басқару саясаты....31
24. Әділ құнды бағалау....36
25. Қаржы құралдарын өзара есепке алу....39
26. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау....40
27. Байланысты тараптармен операциялар....40

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Building a better working world

# Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамның акционерлері мен Директорлар кеңесіне

### *Пікір*

Біз «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі «Топ») шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік барлық елеулі қатынастарда 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дұрыс бейнелейді.

### *Пікірді білдіру негізі*

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі - «ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі - «БХЭСК») қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (бұдан әрі - «БХЭСК Кодексі») (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

### *Басқа мәліметтер*

Топтың 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін 2020 жылғы 17 сәуірдегі бұл есеп берушілік туралы түрлендірілмеген пікірін білдірген басқа аудитор жүргізді.

Building a better working world

### *Топтың 2020 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат*

Басқа да ақпаратқа Топтың 2020 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді.

Топтың 2020 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

### *Басшылықтың және Директорлар кеңесінің шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік үшін жауапкершілігі*

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есеп берушіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесі Топтың қаржылық есеп берушілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Building a better working world

***Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің аудиті үшін жауапкершілігі***

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған алдын ала қаржылық есеп берушіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;

▸ шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Директорлар кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

„Эрнст энд Янг" ЖШС

| | |
|---|---|
| Ольга Хегай<br>Аудитор | Рустамжан Саттаров<br>«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің<br>Бас директоры |
| Аудитордың 2015 жылғы 25 қыркүйектегі<br>№ МФ-0000286 біліктілік куәлігі | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі<br>2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы<br>МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан<br>Республикасының аумағында аудиторлық<br>қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік<br>лицензия |

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2021 жылғы 28 сәуір

**Басшылықтың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілігі туралы мәлімдемесі**

Аудиторлық қорытындыда қамтылған аудиторлар міндеттерінің сипаттамасымен бірге қарастырылуы тиіс төмендегі мәлімдеме «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты басшылық[1] пен аудиторлардың (бұдан әрі – «Топ») жауапкершілігін бөлу мақсатында жасалды.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның басшылығы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы күн соңындағы жағдай бойынша қаржылық жағдайды, оның қызметінің қаржылық нәтижелерін, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ақшаның қозғалысы мен меншікті капиталдың өзгеруін шынайы етіп көрсететін шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау барысында басшылық:

- есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдау және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырымдылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- пайдаланушыларға ақпаратты түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің қаржылық жағдайына немесе қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға;
- Топтың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Топ басшылығы сондай-ақ:

- Топтағы ішкі бақылаудың сенімді жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қамтамасыз етуге;
- Топ мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Топтың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен ұсынуға және қаржылық есеп берушіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысан түріндегі есепті жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Топ активтерін сақтауды қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық орынды шараларды қолдануға;
- қаржылық және басқа асыра пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті Топ басшылығы 2021 жылғы 28 сәуірде шығаруға бекітті.

**Басшылықтың атынан**

**А.Ө. Алдамберген**
**Басқарма Төрағасы**

**С.Ү. Акыббекова**
**Бас бухгалтер**

2021 жылғы 28 сәуір

Алматы, Қазақстан

---

[1] Мұнда басшылық деп «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4-тармағының 2-абзацын ескере отырып «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның Басқармасын түсінуге болады.

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

## 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | *Ескерт.* | *2020 жыл* | *2019 жыл** |
|---|---|---|---|
| Қызметтерді көрсетуден түскен түсім | 5 | **3.157.781** | 2.474.903 |
| Пайыздық кірістер | 6 | **2.473.034** | 1.773.563 |
| Несиелік зиян бойынша шығыстар | | **(18.310)** | (6.111) |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда/(зиян) | | **4.900** | (1.964) |
| Басқа да кірістер | | **5.108** | 4.525 |
| **Операциялық кірістер** | | **5.622.513** | 4.244.916 |
| | | | |
| Операциялық шығыстар | 7 | **(2.486.825)** | (1.830.445) |
| **Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда** | | **3.135.688** | 2.414.471 |
| | | | |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар | 8 | **(242.177)** | (221.782) |
| **Бір жылғы пайда** | | **2.893.511** | 2.192.689 |
| | | | |
| **Басқа да жиынтық кіріс** | | | |
| *Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс* | | | |
| Негізгі құралдарды қайта бағалау | 16 | **(72.216)** | – |
| Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдар бойынша зиян | | **(13)** | (44) |
| Басқа жиынтық кірістің құрамдастарына жататын корпоративтік табыс салығы | | **(6.038)** | – |
| **Бір жыл ішіндегі басқа да жиынтық кіріс, салықтарды шегергенде** | | **(78.267)** | (44) |
| **Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны** | | **2.815.244** | 2.192.645 |
| | | | |
| **Бір акцияға шаққандағы пайда** | | | |
| Базалық және бөлінген (теңгемен) | 9 | **2.955,69** | 2.281,57 |

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертпеде келтірілген.*

**«Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:**

| | |
|---|---|
| **А.Ө. Алдамберген** | **С.У. Акыббекова** |
| **Басқарма Төрағасы** | **Бас бухгалтер** |

2021 жылғы 28 сәуір

Алматы, Қазақстан

*5-41 бет аралығындағы ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

## 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | *Ескерт.* | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *2019 жылғы 31 желтоқсан** |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 10 | **46.817.874** | 20.261.920 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | 11 | **1.296.477** | 1.377.794 |
| Кері «репо» шарттары | | **–** | 1.953.000 |
| Орталық контрагенттің қаржы активтері | 12 | **1.425.047.691** | 26.283.673 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | 13 | **29.142.517** | 18.770.472 |
| Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар | 14 | **21.053** | 21.053 |
| Сатуға арналған активтер | 15 | **91.548** | 92.495 |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | | **11.476** | 20.468 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | | **1.395** | 1.000 |
| Негізгі құралдар | 16 | **1.347.229** | 1.397.689 |
| Материалдық емес активтер | 17 | **1.033.423** | 734.879 |
| Берілген аванстар | 18 | **662.220** | 4.372 |
| Басқа да активтер | 19 | **328.933** | 122.268 |
| **Активтердің жиыны** | | **1.505.801.836** | 71.041.083 |
| **Міндеттемелер** | | | |
| Клирингке қатысушылардың қаражаты | 20 | **64.690.851** | 32.857.039 |
| Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері | 12 | **1.425.047.691** | 26.283.673 |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер | | **3.784** | 1.081 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер | 8 | **131.773** | 74.087 |
| Алынған аванстар | | **31.616** | 49.038 |
| Басқа да міндеттемелер | 19 | **91.417** | 376.036 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **1.489.997.132** | 59.640.954 |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 21 | **4.189.030** | 2.661.775 |
| Меншікті сатып алынған акциялар | 21 | **–** | (62.076) |
| Әділ құн резерві | 21 | **–** | 13 |
| Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві | 21 | **100.833** | 179.490 |
| Резервтік қор | 21 | **3.170.000** | 1.750.000 |
| Бөлінбеген пайда | | **8.344.841** | 6.870.927 |
| **Капитал жиыны** | | **15.804.704** | 11.400.129 |
| **Міндеттемелер мен капитал жиыны** | | **1.505.801.836** | 71.041.083 |

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертпеде келтірілген.*

**«Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:**

**А.Ө. Алдамберген**
**Басқарма Төрағасы**

**С.У. Акыббекова**
**Бас бухгалтер**

2021 жылғы 28 сәуір

Алматы, Қазақстан

*5-41 бет аралығындағы ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

## 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | *Ескерт.* | *Жарғылық капитал* | *Меншікті сатып алынған акциялар* | *Әділ құн резерві* | *Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві* | *Резервтік қор* | *Бөлінбеген пайда* | *Капитал жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2019 жылғы 1 қаңтар** | | 2.366.256 | (62.076) | 57 | 179.893 | 1.750.000 | 4.677.835 | 8.911.965 |
| Бір жылғы пайда | | – | – | – | – | – | 2.192.689 | 2.192.689 |
| Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны | | – | – | (44) | – | – | – | (44) |
| **Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны** | | – | – | (44) | – | – | 2.192.689 | 2.192.645 |
| Жарғылық капиталды ұлғайту | 21 | 295.519 | – | – | – | – | – | 295.519 |
| Қайта бағалау резервін амортизациялау | 21 | – | – | – | (403) | – | 403 | – |
| **2019 жылғы 31 желтоқсан** | | 2.661.775 | (62.076) | 13 | 179.490 | 1.750.000 | 6.870.927 | 11.400.129 |
| Бір жылғы пайда | | – | – | – | – | – | **2.893.511** | **2.893.511** |
| Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны | | – | – | **(13)** | **(78.254)** | – | – | **(78.267)** |
| **Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны** | | – | – | **(13)** | **(78.254)** | – | **2.893.511** | **2.815.244** |
| Жарғылық капиталды ұлғайту | 21 | **1.527.255** | **62.076** | – | – | – | – | **1.589.331** |
| Қайта бағалау резервін амортизациялау | 21 | – | – | – | **(403)** | – | **403** | – |
| Резервтік қорды ұлғайту | 21 | – | – | – | – | **1.420.000** | **(1.420.000)** | – |
| **2020 жылғы 31 желтоқсан** | | **4.189.030** | – | – | **100.833** | **3.170.000** | **8.344.841** | **15.804.704** |

**«Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:**

**А.Ө. Алдамберген**
**Басқарма Төрағасы**

**С.У. Акыббекова**
**Бас бухгалтер**

2021 жылғы 28 сәуір

Алматы, Қазақстан

*5-41 бет аралығындағы ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

## 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | *Ескерт.* | *2020 жыл* | *2019 жыл* |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда | | **3.135.688** | 2.414.471 |
| **Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайданы таза ақша ағындарымен салыстыру үшін түзетулер** | | | |
| Негізгі құралдардың шығуынан болған зиян | | **–** | 6.322 |
| Несиелік зиян бойынша шығыстар | | **18.310** | 2.425 |
| Сатуға арналған активтердің құнсыздануынан болған залал | | **934** | – |
| Таза бағамдық айырмалар | | **(1.349)** | – |
| Есептелген пайыздық кірістер | | **(2.473.034)** | (1.706.859) |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациясы | 7 | **240.290** | 124.519 |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер** | | | |
| *Операциялық активтердің таза азаюы/(көбеюі)* | | | |
| Кері «репо» шарттары | | **1.953.000** | (1.953.000) |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | | **81.567** | (230.925) |
| Берілген аванстар | | **(657.850)** | 567 |
| Басқа да активтер | | **(206.823)** | 39.593 |
| *Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі/(азаюы)* | | | |
| Клирингке қатысушылардың қаражаты | | **30.780.323** | (6.279.315) |
| Алынған аванстар | | **(17.422)** | (17.190) |
| Басқа да міндеттемелер | | **(283.020)** | 298.080 |
| Алынған пайыздар | | **462.047** | 1.707.466 |
| Төленген корпоративтік табыс салығы | | **(179.229)** | (212.517) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсуі/(жұмсалуы)** | | **32.853.432** | (5.806.363) |
| **Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары** | | | |
| Негізгі құралдарды сатып алу | 16 | **(130.418)** | (153.593) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | 17 | **(418.819)** | (596.772) |
| Материалдық емес активтердің құрамына капиталданатын шығындар | | **(11.353)** | (20.315) |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден түскен түсімдерді шегере отырып инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу | | **(8.360.741)** | (177.018) |
| **Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза жұмсалуы** | | **(8.921.331)** | (947.698) |
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары** | | | |
| Жарғылық капиталды ұлғайтудан түскен түсімдер | 21 | **1.589.331** | 295.519 |
| **Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражатының таза түсімі** | | **1.589.331** | 295.519 |
| Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері | | **1.048.712** | – |
| Күтілетін несиелік зиянның ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері | 10 | **(14.190)** | – |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі** | | **26.555.954** | (6.458.542) |
| Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары | | **20.261.920** | 26.720.462 |
| **Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары** | 10 | **46.817.874** | 20.261.920 |

**«Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:**

**А.Ө. Алдамберген**
**Басқарма Төрағасы**

**С.У. Акыбобекова**
**Бас бухгалтер**

2021 жылғы 28 сәуір

Алматы, Қазақстан

*5-41 бет аралығындағы ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 1. Қызметінің сипаты

«Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания», «Биржа») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 1993 жылғы 17 қарашада құрылды.

Қазіргі уақытта Компания Алматы қаласының Әділет департаментінің Бостандық ауданының Әділет басқармасы берген 2004 жылғы 7 қаңтардағы № 1952-1910-01-АҚ заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің негізінде әрекет етеді.

Компанияның бағалы қағаздар нарығындағы қызметі келесі лицензиялардың негізінде жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті берген 2012 жылғы 19 шілдедегі № 4.2.3/1 бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия. Лицензия бағалы қағаздар нарығында келесі қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығын береді:

   - бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру қызметі;
   - бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 4.3.8 ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізуге арналған лицензия. Лицензия келесі банк операцияларын жасау құқығын береді:

   - банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
   - аудару операциялары: жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемдері мен аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау;
   - заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;
   - қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруды қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру.

Компанияның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280, «Almaty Towers» көпфункционалды кешеннің солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат.

Биржаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру болып табылады.

Биржа қызметінің ілеспе түрлері қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі, банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыру қызметі, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған ақпараттық және өзге де қызметтерді көрсету болып табылады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы күндер соңындағы жағдай бойынша солардың әрқайсысына орналастырылған акциялардың жалпы санының 5%-дан астамын құрайтын көлемде Компанияның жай акциялары тиесілі болатын акционерлер, былайша білдірілген:

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан, %* | *2019 жылғы 31 желтоқсан, %* |
|---|---|---|
| **Акционерлер** | | |
| Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ | **43,89** | 49,11 |
| «Московская Биржа ММВБ-РТС» Жария акционерлік қоғам | **13,10** | 3,37 |
| «Коммеск-Өмір» Сақтандыру компаниясы» АҚ | **7,64** | 8,54 |
| «Қазақстан Халық банкі» АҚ | **6,79** | 7,59 |
| «Bolashaq Trade Group» ЖШС | **5,02** | – |
| Басқалары (жеке-жеке 5% кеміне иелік ететін) | **23,56** | 31,39 |
| **Жиыны** | **100,00** | 100,00 |

*«Бағалы қағаздар рыногы туралы»* Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Заң») 84-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган, яғни Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі акционері болып табылатын жағдайды қоспағанда, сауда-саттықты ұйымдастырушының әрбір акционерінің өзінің үлестес тұлғаларымен бірлескен үлесі орналастырылған акциялардың жалпы санының 20% аспауға тиіс.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 1. Қызметінің сипаты (жалғасы)

2020 жылғы 31 желтоқсанда және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде Компанияға бақылау жасайтын жағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚРҰБ») болып табылады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке Компанияның және оның еншілес ұйымының (бұдан әрі – «Топ») қаржылық есептілігі кіреді:

| | | | *Иелік ету үлесі/дауыстар, %* | |
|---|---|---|---|---|
| *Атауы* | *Қызметті жүргізу елі* | *Қызмет түрі* | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *2019 жылғы 31 желтоқсан* |
| «eTrade.kz» ЖШС | Қазақстан | Ақпараттық технологиялар | **100** | 100 |

## 2. Қаржылық есеп берушілікті дайындау негіздері

### Жалпы бөлім

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік *«Есеп саясатының негізгі ережелері»* бөлімінде аталып өткен қағидатты қоспағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес әзірленді. Мысалы, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері және негізгі құралдар (топтар: ғимарат, жер, көлік құралдары) әділ құны бойынша бағаланды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік бір акция есебінен алынған деректерді қоспағанда немесе егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») көрсетілген.

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік Топ жұмыс істеп тұрған ұйым болып табылады және өз қызметін алдағы болашақта үздіксіз жалғастырады деген жорамалға сүйене отырып дайындалған.

### COVID-19 пандемиясының әсері

2020 жылы COVID-19 пандемиясының жылдам таралуына орай көптеген үкіметтер, Қазақстан Республикасының Үкіметін қоса алғанда, сапар жасауға шектеулерді енгізуді, карантинді, кәсіпорындар мен басқа да мекемелерді жабуды және жеке өңірлерді жабуды қоса алғанда, індетпен күрес бойынша түрлі шараларды қолға алды. Бұл шаралар қамсыздандырудың жаһандық жүйесіне, тауарлар мен қызметтерге деген сұранысқа, сондай-ақ бүтіндей іскерлік белсенділік дәрежесіне де әсерін тигізді. Пандемияның өзі, сол сияқты қоғамдық ден саулықтың тиісті шаралары мен әлеуметтік шаралар экономиканың түрлі салаларындағы ұйымдардың қызметіне әсер етуі мүмкін деп күтілуде.

Үкімет пен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі COVID-19 ауруының таралуы нәтижесінде экономикалық көрсеткіштердің едәуір нашарлауына жол бермес үшін қолдау шараларын қолға алды. Мұндай шараларға, өзгесінен басқа, зардап шеккен салаларда өз қызметін жүзеге асыратын ұйымдар мен зардап шеккен жеке тұлғалар үшін жеңілдікті несиелер, несиелік демалыс пен қаржы секторын және оның ресурстарды ұсыну мен COVID-19 таралуын тежеу шараларының нәтижесінде өтетін құралдардың жетіспеушілігін болдырмауға клиенттерге көмектесу қабілетін қолдау үшін белгілі бір нормативтік шектеулерді босаңсу жатады.

Топ пандемияның ықпалын және экономикалық талаптардың өз қызметіне, қаржылық жай-күйі мен қаржылық нәтижелеріне ықпалын бағалауды жалғастыруда.

### Бағалаудың белгісіздігі

Ақпарат 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолжетімді болған шамада, Топ КНЗ-ны бағалау, қаржы құралдарының әділ құнын бағалау кезінде күтілетін келешек ақша ағындарының қайта қаралған бағалауларын көрсетті.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 2. Қаржылық есеп берушілікті дайындау негіздері (жалғасы)

### Қайта жіктеулер

2019 жылдың деректеріне оларды 2020 жылғы деректерді ұсыну форматына сәйкес келтіру үшін келесі өзгерістер енгізілді.

| *Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп* | *Алдыңғы есеп берушілікке сай* | *Қайта жіктеу сомасы* | *Түзетілген сома* |
|---|---|---|---|
| Пайыздық кірістер | 1.706.859 | 66.704 | 1.773.563 |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда | 58 | (2.022) | (1.964) |
| Басқа да кірістер | 108.806 | (104.281) | 4.525 |
| Пайыздық шығыстар | (31.255) | 31.255 | – |
| Операциялық шығыстар | (1.838.789) | 8.344 | (1.830.445) |
| **Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда** | **2.414.471** | **–** | **2.414.471** |

| *Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп* | *Алдыңғы есеп берушілікке сай* | *Қайта жіктеу сомасы* | *Түзетілген сома* |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| Кері «репо» шарттары | 27.274.727 | (25.321.727) | 1.953.000 |
| Орталық контрагенттің қаржы активтері | 961.946 | 25.321.727 | 26.283.673 |
| **Активтердің жиыны** | **71.041.083** | **–** | **71.041.083** |
| **Міндеттемелер** | | | |
| «Репо» шарттары | 25.321.727 | (25.321.727) | – |
| Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері | 961.946 | 25.321.727 | 26.283.673 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **59.640.954** | **–** | **59.640.954** |

Көрсетілген қайта жіктеулер Топтың 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне ықпалын тигізбеді.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері

### Есеп саясатындағы өзгерістер

Топ *«Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша шегінім»* 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді мерзімінен бұрын қолданды, соған сай жалға алушы COVID-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша шегінім жалдау шартын түрлендіру болып табылатындығын саралау қажеттілігінен босатылады. Топ шығарылған, бірақ күшіне енбеген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Топ сондай-ақ 2020 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген стандарттарға түзетулерді қолданды, бірақ олар Топтың шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігіне әсерін тигізбеді.

### Шоғырландыру негізі

Еншілес ұйымдар, яғни қызметіне бақылауды Топ жүзеге асыратын ұйымдар шоғырланады. Егер Топ инвестициялау объектісіне қатысудан болатын кірістердің өзгеру тәуекеліне ұшыраған жағдайда бақылау жасалады немесе мұндай кірістерді алуға құқығы, сондай-ақ инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың көмегімен кірістерге әсер ету мүмкіндігі бар. Атап айтқанда, Топ тек келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар нысанын бақылайды:

- Топтың инвестициялар нысанына қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының маңызды қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысудан болатын кірістердің өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығының немесе мұндай кірістерді алуға құқығының болуы;
- Топтың кірістердің көлеміне әсер ету үшін инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігінің болуы.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

**Шоғырландыру негізі (жалғасы)**

Әдетте, дауыс беру көпшілігі бақылаудың болуымен негізделеді деп болжануда. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялар объектісіне қатысты дауыс беру құқықтарының көпшілігі немесе ұқсас құқықтары болған кезде Топ мұндай инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық маңызды фактілер мен жағдайларды ескереді:

- инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа ұстаушылармен келісім(дер);
- басқа келісімдермен көзделген құқықтар;
- Топта бар дауыс беру құқығы және әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Еншілес ұйымдардың шоғырлануы Топқа соларға бақылау өткен күннен басталады және бақылаудан айырылған күннен бастап тоқтатылады. Барлық топішілік операциялар, мұндай операциялар бойынша қалдықтар мен жұмсалмаған пайда толығымен алынып тасталады; іске асырылмаған залалдар, тиісті операция берілетін активтің құнсыздануын растайтын жағдайдан басқа, алынып тасталады. Қажет болғанда еншілес ұйымдардың есеп саясатына оны Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін өзгерістер енгізіледі.

Бақылауда айырылмастан еншілес ұйымдағы қатысу үлесін өзгерту меншікті капиталмен операция ретінде ескеріледі. Еншілес ұйымның шығындары, тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да бақыламайтын қатысу үлестеріне жатады.

Егер Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылса, ол еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелерін (оның ішінде соған қатысты гудвилді), бақыланбайтын қатысу үлестерінің баланстық құнын, меншікті капиталда көрсетілген жинақталған бағамдық айырмаларды мойындауын тоқтатады; алынған өтемақының әділ құнын, қалған инвестицияның, операцияның нәтижесінде пайда болған артық шығуды немесе дефицитті пайда мен залал құрамында әділ құнын мойындайды; бұрын басқа да жиынтық кірістің құрамында, пайда немесе залал құрамында мойындалған компоненттердегі негізгі компанияның үлесін қайта жіктейді.

**Әділ құнды бағалау**

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны (ПЗӘҚ) бойынша және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны (БЖКӘҚ) бойынша бағаланатын мұндай қаржы құралдарын және негізгі құралдар (топтар: ғимарат, жел, көлік құралдары) сияқты қаржылық емес активтерді әрбір есепті күнге әділ құны бойынша бағалайды.

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы әдеттегі мәміленің барысында міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру мақсатындағы мәміле:

- бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- негізгі нарық болмай қалғанда, бұл активке немесе міндеттемеге қатысты барынша тиімді болатын нарықта жүзеге асырылады.

Топ негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік экономикалық мүдделерінде әрекет етеді деп болжануда. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының экономикалық пайда әкелу не болмаса активті ең үздік және барынша тиімді тәсілмен пайдалану арқылы не болмаса оны бұл активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын нарыққа басқа қатысушыға сату арқылы пайда әкелу қабілетін назарға алады.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

**Әділ құнды бағалау (жалғасы)**

Топ мұндай бағалау үлгілерін пайдаланады, әрі олар мұндай жағдайларда орынды болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте релевантты қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше азайтуға мүмкіндік береді. Әділ құны бағаланатын немесе шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құнның төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – бірдей активтерге немесе міндеттемелерге арналған белсенді нарықтардағы баға белгілеулері (түзетілмеген).
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікте қайталанатын негізде танылатын активтер мен міндеттемелер болған жағдайда, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайталап талдай отырып (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін едәуір болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару қажеттілігін айқындайды.

**Қаржы активтері мен міндеттемелер**

***Бастапқы тану***

*Тану күні*

Қаржы активтері мен міндеттемелерін стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалы мәміленің жасалу күніне, яғни Топ активті немесе міндеттемені сатып алу міндеттемесін өз мойнына алатын күнге көрсетіледі. Стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалына қаржы активтері мен міндеттемелерін шарт шеңберінде сатып алу немесе сату жатады, оның талаптары бойынша активтер мен міндеттемелерді нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзімнің шегінде қою талап етіледі.

***Бастапқы бағалау***

Қаржы құралдарын бастапқы тану кезінде жіктеу шарттық талаптардан және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес-модельден тәуелді болады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер ПЗӘҚ бойынша бағаланған жағдайлардан басқа, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады.

*Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау санаты*

Топ өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін қолданылатын бизнес-модельдің және мыналар бойынша бағаланатын активтердің шартты талаптарының негізінде жіктейді:

- амортизацияланған құны;
- БЖКӘҚ;
- ПЗӘҚ.

Топ туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Топ өз қарауына қарай қаржы құралдарын ПЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады, егер мұндай жіктеу амалы бағалау немесе мойындау қағидаттарын қолданудың бірізді болмауын жоюға немесе едәуір азайтуға мүмкіндік берсе.

Қаржылық міндеттемелер, қарыздар мен қаржылық кепілдіктерді беру міндеттемелерінен басқа, амортизацияланған құны бойынша немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланды, егер олар саудаға арналған немесе туынды құралдар болса, не болмаса ұйымның қарауына қарай әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелсе.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

### Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

***Бастапқы бағалау (жалғасы)***

*Кредиттік ұйымдардағы қаражат, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар*

Топ кредиттік ұйымдардағы қаражатты және басқа да қаржы инвестицияларын амортизацияланған құны бойынша бағалайды, тек егер келесі қос талап орындалатын болса ғана:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне (SPPI) борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Бұл талаптар барынша толық төменде қарастырылады.

*Бизнес-модельді бағалау*

Топ бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсаттарына қол жеткізу үшін топтарға біріктірілген қаржы активтері қалайша басқарылатындығын барынша жақсы көрсететін деңгейде айқындайды.

Топтың бизнес-моделі келесі бақыланатын факторларға негізделген:

- бизнес-модельдің нәтижелілігі мен бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалайша бағаланатындығына және бұл ақпарат ұйымның шешуші басқарушы персоналына қалайша хабарланатындығына;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер және, атап айтқанда, бұл тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлерге қалайша ынталандырылатындығына (мысалы, сыйақы басқарылатын активтің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе);
- сатудың күтілетін жиілігі, көлемі мен мерзімдері Топтың бизнес-моделін бағалау кезінде маңызды аспектілер болып табылады.

Егер ақша ағындары бастапқы мойындалғаннан кейін Топ үміттерінен басқа тәсілмен іске асырылса, Топ бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктелуін өзгертпейді, бірақ келешекте мұндай ақпаратты жуырда құрылған немесе жуырда сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

*«Борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер» тестісі (SPPI тестісі)*

Жіктеу процесінің екінші сатысының шеңберінде Топ шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер (яғни SPPI тестісі) болып табылатындығын анықтау үшін қаржы активінің шартты талаптарын бағалайды.

Бұл тесттің мақсаттары үшін «негізгі борыш сомасы» бастапқы мойындау кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді, және ол бұл қаржы активі қолданылуының барлық мерзімінің бойына өзгере алады (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебінен төлемдер немесе сыйлықақының/дисконттың амортизациясы орын алса).

Несие шартының шеңберінде пайыздардың барынша едәуір элементтері әдетте ақшаның уақытша құны үшін өтемақы және несиелік тәуекел үшін өтемақы болып табылады. SPPI тестісін өткізу үшін Топ пайымдауды қолданып, орынды факторларды, мысалға, қаржы активінің қай валютада білдірілгенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді саралайды.

Сол уақытта тәуекелдерге ұшырағыштыққа немесе шартта көзделген, базалық несие келісімімен байланысты емес ақша ағындарының волатильділігіне аз ғана әсер ететін шарттық талаптар, борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебіне төлемдер болып табылатын шартта көзделген ақша ағындарының пайда болуын негіздемейді. Мұндай жағдайларда қаржы активін ПЗӘҚ бойынша бағалау қажет.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

### Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

***Бастапқы бағалау (жалғасы)***

*БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар*

Кей уақытта Топ кейбір инвестициялар үлестік құралдарға бастапқы мойындалған кезде, оның күшін кейіннен айыру құқығынсыз, оларды БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар ретінде жіктеуге, егер олар *«Қаржы құралдары: ұсыну»* 32 ХҚЕС-сай (IAS) сай үлестік құралдың анықтамасына жауап берсе және саудаға арналмаса, шешім қабылдайды. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша бөлек қабылданады.

Мұндай үлестік құралдар бойынша пайда мен зиян ешқашан пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктелмейді. Дивидендтер, Топ мұндай құралдың бастапқы құнының бір бөлігінің өтемақысы ретінде мұндай түсімдерден пайда алған жағдайлардан басқа, дивидендтерді алуға құқық белгіленгенде пайда немесе зиян құрамында басқа да кіріс ретінде танылады. Мұндай жағдайда пайда басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады. БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар құнсыздану мәніне бағаланбайды. Мұндай құралдар есептен шығарылған кезде қайта бағалау бойынша жинақталған резерв бөлінбеген пайда құрамына ауыстырылады.

***Қаржы активтері мен міндеттемелерді қайта жіктеу***

Топ қаржы активтерін басқарудың бизнес-моделін өзгертетін айрықша жағдайлардан басқа, қаржы активтері бастапқыда танылғаннан кейін қайта жіктемейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді. 2020 жылы Топ қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктемеді.

### Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына қандай да бір шарттық міндеттемелер жүктелмеген қолма-қол қаражат және пайда болған күннен бастап тоқсан күннің ішінде өтеу мерзімі бар ҚРҰБ-дағы және басқа кредиттік ұйымдардағы қаражат жатады.

### «Репо» және кері «репо» шарттары және бағалы қағаздармен жасалатын қарыз операциялары

Бағалы қағаздарды сату және кері сатып алу шарттары («репо» шарттары) есеп берушілікте қаржыландырудың құнсызданған операциялары ретінде көрсетіледі. «Репо» шарттары бойынша іске асырылған бағалы қағаздардың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бейнеленуі жалғастырылады және контрагенттің шарт немесе жалпылама қабылданған тәжірибе талаптарынан шығатын осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге қоюға құқығы болған жағдайда, «репо» шарттары бойынша кепілзат есебінде берілген бағалы қағаздардың санатына ауыстырылады. Тиісті міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте «репо» шарттары ретінде көрсетіледі. Бағалы қағаздарды кері сату (кері «репо») шарттары бойынша сатып алу қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте кері «репо» шарттары ретінде көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасының арасындағы айырма пайыздық түсім ретінде қаралады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша «репо» шарттары қолданысы мерзімі ішінде есептеледі.

Контрагенттерге заем шарттарында берілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілуін жалғастырады. Заем шарттарында тартылған бағалы қағаздар олар үшінші тұлғаларға сатылған кезде ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Мұндай жағдайда сатып алу-сату мәмілесі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте ескеріледі. Осындай бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттеме сауда операциялары жөніндегі міндеттемелердің құрамында әділ құн бойынша көрсетіледі.

### Туынды қаржы құралдары

Топ өзінің әдеттегі қызметінің барысында валюта нарықтарында және капитал нарықтарында түрлі туынды қаржы құралдарын (оның ішінде, фьючерстер, форвардтар, свопгар мен опциондар) пайдаланады. Осы қаржы құралдары саудаға арналады және бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Әділ құн нарықтық баға белгілеудің немесе тиісті базалық құралдардың ағымдағы нарықтық және шарттық құнға әрі басқа да факторларға негізделген бағалау үлгілерінің негізінде айқындалады. Оң әділ құны бар туынды қаржы құралдары активтердің құрамында, ал теріс әділ құнымен – міндеттемелердің құрамында көрсетіледі. Аталған құралдармен жасалған операциялар бойынша пайда мен зиян саудалық бағалы қағаздармен операциялар бойынша таза пайданың/(зиянның) немесе шетел валютасындағы операциялар бойынша таза пайданың/(зиянның) құрамында қаржы құралының түріне қарай (сауда операциялары) жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

**Жалдау**

***Топ жалға алушы ретінде***

Топ, қысқа мерзімді жалдауды және төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалдау шарттары қысқа мерзімді немесе құны төмен активтерді жалдау болып табылды. Топ жалдау бойынша міндеттемелерді және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді танымады.

*Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау*

Топ қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Сондай-ақ Топ төмен құны бар офистік жабдықты жалдауға қатысты мойындаудан босатуды құны төмен деп есептелетін активтерді жалдау шарттарына қолданады (бес мың долларға дейін). Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің бойына желілік әдіспен жалдау бойынша шығыс ретінде танылады.

**Қаржы құралдарын өзара есепке алу**

Қаржы активі немесе қаржылық міндеттеме мойындалған сомаларды есепке алуға заңи тұрғыдан қорғалған құқық болғанда және есеп айырысуларды нетто-негізде жүзеге асыруға не болмаса активті сатуға және міндеттемені бір мезгілде орындауға ниет болғанда, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте нетто-өлшемді ұсына отырып өзара есепке алынуға жатады. Есепке алу құқығы келешектегі оқиғаға негізделмеуі тиіс және барлық келесі жағдайларда заңи тұрғыдан қорғалуы тиіс:

- әдеттегі қызметтің барысында;
- дефолт болған жағдайда; және
- ұйым немесе контрагенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болып қалған жағдайда.

Бұл шарттар, әдетте, неттинг туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте толық сомада көрсетіледі.

**Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату**

***Қаржы активтері***

Қаржы активі (немесе, қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе дәл сондай қаржы активтері тобының бір бөлігі), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын берсе немесе алған ақша ағымдарын толығымен елеулі кешіктірусіз «транзит» келісім талаптарында үшінші тарапқа аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
- Топ (а) не активтен түсетін бүкіл пайда мен тәуекелді түгелімен дерлік берсе, (б) не бермесе, алайда активтен түсетін пайда мен тәуекелді өзінде де сақтамайтын болса, бірақ осы активтің бақылануын берсе.

Топ активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын оған байланысты бүкіл пайда мен тәуекелді бермей де, өзінде сақтамай да, сондай-ақ активтің бақылануын бермей де берсе, мұндай актив есепке алуда Топтың бұл активтегі қатысуын жалғастыратын шекте бейнеленеді. Берілген актив бойынша кепілдеме нысанындағы активке қатысуды жалғастыру Топқа төлемге берілуі мүмкін өтемнің ең жоғарғы мөлшері мен активтің бастапқы баланстық құны мәндерінің ең азы бойынша бағаланады. Егер одан әрі жалғасатын активке қатысу берілетін активке шығарылған және/немесе сатып алынған опцион (есебі ақша қаражатымен жүргізілетін опцион немесе ұқсас құрал да кіреді) нысанын қабылдаса, Топтың одан әрі жалғасатын қатысуының мөлшері – әділ құны бойынша бағаланатын актив бойынша шығарылған пут-опционы (есебі ақша қаражатымен жүргізілетін опцион немесе ұқсас құрал да кіреді) жағдайын қоспағанда, Топ өтемін төлеп ала алатын берілетін актив құны. Бұл жағдайда Топтың одан әрі жалғасатын қатысуының мөлшері екі көлемнің: берілетін активтің әділ құны мен опционның орындалу бағасының ең азы ретінде анықталады.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

### Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату (жалғасы)

#### *Қаржы активтері (жалғасы)*

*Есептен шығару*

Қаржы активтері есептен ішінара не болмаса Топ олардың құнының өтелуін бұдан былай күтпеген жағдайда бүтіндей есептен шығарылады. Егер есептен шығарылуға жататын сома жинақталған құнсыздану резервінің көлемінен көп болса, айырмасы ең алдымен резервтің ұлғаюы ретінде ескеріледі, ал содан кейін жалпы баланстық құнына қолданылады. Кез келген кейінгі қалпына келтіру амалдары несиелік залалдар бойынша шығыстарға жатқызылады. Есептен шығару мойындауды тоқтатуға жатады.

#### *Қаржылық міндеттемелер*

Қаржылық міндеттеменің мойындалуы тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге елеулі ерекшеленетін талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптарына елеулі түрлендірулер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеменің мойындалуы тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе зиян құрамында міндеттемелердің баланстық құнындағы айырманы мойындай отырып, есепке алуда бейнеленеді.

### Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, барлық уақытша айырмашылықтарына қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған табыс салығы компанияларды біріктіруді білдірмейтін және жүзеге асырылу сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен залалға да әсер етпейтін операция бойынша гудвилдің, активтің немесе міндеттеменің бастапқы бейнеленуі нәтижесінде туындайтын жағдайлардан басқа кезде кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есеп берушілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмашылықтары бойынша бейнеленеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері салықтық базаны азайтатын осы уақытша айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдылығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер күшіне енген немесе нақ есепті мерзімде күшіне енген заңнамаға сүйене отырып, міндеттемені реттеу немесе активті іске асыру кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Уақытша айырманы қалпына келтіру уақытын бақылауға болатын және уақытша айырма таяу арада қалпына келтіріледі деген ықтималдық болған жағдайларды қоспағанда, кейінге қалдырылған табыс салығы еншілес және қауымдасқан ұйымдарға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға инвестициялармен байланысты уақытша айырмалар бойынша көрсетіледі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасында Топ қызметіне қатысты пайдаланылатын түрлі операциялық салықтар қолданылады. Бұл салықтар операциялық шығыстар құрамында бейнеленеді.

### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген, күнделікті қызмет көрсету шығасылары ескерілмеген бастапқы құны бойынша бейнеленеді. Мұндай құнға, егер олар мойындау критерийлеріне жауап берсе, орын алу фактісі бойынша танылатын құрал-жабдықты ауыстыруға байланысты шығындар кіреді.

Бастапқы құны бойынша бастапқы мойындалғаннан кейін ғимараттар қайта бағаланған құны бойынша көрсетіледі, ол кейіннен жинақталған амортизацияны және құнсызданудан кейіннен жинақталған залалдарды шегере отырып қайта бағалау күніне әділ құнды білдіреді. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны мен оның баланстық құны арасындағы елеулі алшақтықтарды болдырмау үшін жиі орындалады.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

### Негізгі құралдар (жалғасы)

Қайта бағалау күніне жинақталған амортизация активтің жалпы баланстық құнының бір мезгілдегі төмендеуімен алынып тасталады және содан түскен сома активтің қайта бағаланған сомасына сүйене отырып қайта бағаланады. Қайта бағалаудан болған құн өсімі, бұрын пайда немесе залал құрамында көрсетілген мұндай актив құнының алдындағы азаюын қалпына келтіру сомаларын қоспағанда, басқа да жиынтық кірістің құрамында негізгі құралдарды қайта бағалау резервінде көрсетіледі. Мұндай жағдайда актив құнының ұлғаюы пайда мен зиян құрамында танылады. Қайта бағалаудан болған құн өсімі, негізгі құралдарды қайта бағалау резервінде көрсетілген дәл сол актив бойынша мұндай азаюдың құнның алдыңғы өсіміне қарсы тікелей есепке алынуын қоспағанда, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінен алынған сомаларды бөлінбеген пайда құрамына жыл сайынғы ауыстыру активтердің қайта бағаланған баланстық құнына сүйене отырып есептелетін амортизация сомасы мен активтердің бастапқы құнына сүйене отырып есептелетін амортизация сомасы арасындағы айырма бөлігінде жүзеге асырылады. Актив есептен шығарылғанда қайта бағалау резервіне қосылған сома бөлінбеген пайданың құрамына ауыстырылады.

Нысанның амортизациясы ол пайдалану үшін қол жетімді болғанда ғана басталады. Амортизация активтерді пайдалы пайдаланудың келесі есепті мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен есептеледі:

| | *Жылдар* |
|---|---|
| Ғимараттар | 40 |
| Машиналар мен құрал-жабдықтар | 3-15 |
| Көлік құралдары | 6,7 |
| Басқасы | 6-10 |

Тарату құны, пайдалы қызмет ету мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістері әрбір есепті жылдың соңында талданады және қажетіне қарай түзетіледі.

Жөндеу және бұрынғы қалпына келтіру шығыстары оларды жүзеге асыру шамасына қарай шығындарға жатқызылады және олар капиталға айналатын жағдайларды қоспағанда, басқа да операциялық шығыстардың құрамына қосылады.

### Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерге бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді.

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнестерді біріктіру шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күнгі олардың әділ құнын білдіреді. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет етуінің шектелген немесе шектелмеген мерзімі бар. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер пайдалы пайдалану мерзімі ішінде амортизацияланады, мүмкін құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады. Шектелген пайдалы қызмет ету мерзімі бар материалдық емес активтердің амортизациясы кезеңі мен оны есептеу әдісі кем дегенде әрбір есепті жылдың соңында қайта қаралады.

Төменде материалдық емес активтердің бағаланған пайдалы қызмет ету мерзімдері келтірілген:

| | *2020 жылы қолданылатын жылдармен мерзімдер* |
|---|---|
| Іште әзірленетін бағдарламалық жасақтама | 6-9 |
| Басқа да бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар | 5-8 |
| Басқасы | 1-5 |

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

**Материалдық емес активтер (жалғасы)**

Егер Топ материалдық есепті құратын болса, материалдық емес активті әзірлеу шығыстары материалдық емес активтің өзіндік құнына қосылады және шарт талаптарына сәйкес мақсатына лайық пайдалану үшін материалдық емес активтің толық дайын болмайынша аяқталмаған құрылыс күйінде ескеріледі.

Іштей құрылған материалдық емес активтің өзіндік құны материалдық емес актив алғаш рет мойындау критерийлеріне жауап берген және активті мақсатына лайық пайдалануға әзірлеуге, құруға, өндіруге және дайындауға тікелей бөлінуі немесе ақылға қонымды әрі бірізді негізде жатқызылуы мүмкін күннен бастап болған келесі шығындар сомасын білдіреді:

1) материалдық емес активті құру кезінде пайдаланылған немесе тұтынған материалдар мен қызметтер залалдары;
2) жалақы мен активті құрумен тікелей айналысатын жұмыскерлермен байланысты басқа да шығындар (мұндай жұмыстар жоғарыда аталған барлық талаптарға сәйкес келген жағдайда, Топ жасалған жұмыс туралы есептердің негізінде бағдарламалық өнімдерді пысықтаумен тікелей айналысатын жұмыскерлердің сыйақысын капиталдандырады);
3) активті құру үшін пайдаланылған заңгерлік құқықтарды, патенттер мен лицензияларды тіркеу үшін алымдар сияқты құрылатын активке тікелей жататын кез келген шығындар.

**Сатуға арналған деп жіктелетін активтер**

Топ айналымнан тыс активтерді (немесе шығарылатын топты), егер олардың баланстық құнын өтеу көбінесе пайдалану барысында емес, мәмілені іске асыру барысында жоспарланса, сатуға арналған деп жіктеп отыр. Бұл үшін айналымнан тыс активтер (немесе шығарылатын топ) мұндай активтерді (шығарылатын топты) сатудың әдеттегі, үлгі шарттары болып табылатын шарттарда оларды қазіргі күйінде дереу сату үшін қолжетімді болуы тиіс, бұл ретте олардың сатылуы жоғары ықтималдылық деңгейімен сипатталуы тиіс.

Сатудың жоғары ықтималдылығы Топ басшылығының айналымнан тыс активті (немесе шығарылатын топты) іске асырудың жоспарын қатаң түрде орындау ниетін болжайды. Бұл ретте сатып алушыны іздестіру және мұндай жоспарды орындау бойынша белсенді іс-қимылдар жоспары басталуы тиіс. Бұдан басқа айналымнан тыс актив (немесе шығарылатын топ) оның ағымдағы әділ құнын ескере отырып негізделген болып табылатын баға бойынша өткізілуге белсенді түрде ұсынылуы тиіс. Сонымен бірге сатылымды аяқталған мәміле ретінде көрсету сатуға арналған ретінде айналымнан тыс активтер (немесе шығарылатын топ) жіктелген күннен бастап бір жылдың ішінде күтілуі тиіс.

Топ сатуға арналған деп жіктелетін активтерді (немесе шығарылатын топты) баланстық құнның ең аз мәні және сату шығындарын шегере отырып әділ құны бойынша бағалайды. Активтердің (немесе шығарылатын топтың) баланстық құнының ықтимал құнсыздану оқиғалары немесе соған көрсететін жағдайлардың өзгеруі басталған жағдайда Топ сату шығыстарын шегере отырып олардың құнын әділ құнына дейін бастапқы, сондай-ақ кейінгі есептен шығару кезінде құнсызданудан болған шығынды көрсетеді.

**Клирингке қатысушылардың қаражаты**

Клирингке қатысушылар қаражатының үлкен бөлігін келесі сауда күніне операцияларды жасау мақсатында Биржаның корреспонденттік шоттарында есепті күнге орналастырылған валюталық нарық мүшелерінің ақшасы құрайды. Қосымша, Биржаның «Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру қағидалары» ішкі құжатына сәйкес әрбір клирингке қатысушы Биржаның корреспонденттік шотында қамтамасыз етудің және кепілдік жарнасының белгілі бір деңгейін қолдауы тиіс. Сондай-ақ, клирингке қатысушылардың кейбірі келесі сауда күні сауда-саттықты жүзеге асыру мақсатында сауда күнінің соңында Биржаның корреспонденттік шотында ақша сомасын қалдырады. Биржа оларды клирингке қатысушылардың алдындағы міндеттемелермен таниды.

**Орталық контрагенттің активтері мен міндеттемелері**

Биржа биржадағы сауда-саттықтарда жасалған барлық мәмілелер бойынша әрбір қатысушы үшін бір жақ бола отырып, қор, валюта нарықтары мен деривативтер нарығында орталық контрагент ретінде болады және олардың нетто-негізде орындалуына кепілдігін береді. Мұндай мәмілелер бойынша активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте Биржа бекітілген ішкі құжаттарға сәйкес айқындайтын күнделікті есепті бағаның негізінде есептелген таза әділ құны бойынша көрсетіледі. Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелерге орталық контрагенттің есепті кезең соңында қор және валюта нарықтарында аяқталмаған мәмілелер бойынша активтері мен міндеттемелері жатады.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

### Орталық контрагенттің активтері мен міндеттемелері (жалғасы)

*Орталық контрагенттің қамтамасыз етуі*

Биржа қамтамасыз етудің дербес және ұжымдық жүйесін пайдалана отырып қор, валюта нарықтары мен деривативтер нарығында қатысушылар алдында нетто-міндеттемелердің орындалуына кепілдігін береді. Қатысушыны дербес қамтамасыз ету клирингке қатысушыға тағайындалған оның қаржылық жай-күйінің негізінде анықталатын санатқа қарай толық, не ішінара болуы мүмкін.

Ішінара қамтамасыз ету талаптарында жасалатын мәмілелер бойынша ішінара қамтамасыз етумен бірге клирингке қатысушы міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде Биржа клиринг шоттарында ескерілетін және белгілі бір биржа нарықтары үшін Биржаның ішкі әдістемелерімен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып есептелетін мәмілелер бойынша және мұндай клирингке қатысушылар берген өтінімдер бойынша нетто-міндеттемелердің ішінара қамтамасыз етілуіне талаптарды, сондай-ақ тиісті биржа нарығында кепілдік жарнасының салынуына талаптарды белгілейді.

Толық өтеу талаптарында жасалатын мәмілелер бойынша ішінара қамтамасыз етумен бірге клирингке қатысушы міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде Биржа олардың мұндай мәмілелерді жасауы нәтижесінде туындайтын қаржы құралдарында нетто-міндеттемелердің толық өтелуі бойынша талаптарды белгілейді.

Толық өтелетін клирингке қатысушы міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде Биржа клирингке мұндай қатысушының барлық клиринг шоттары бойынша нетто-міндеттемелердің толық өтелуіне талаптарды белгілейді.

Орталық контрагенттің ішінара қамтамасыз етудің мөлшеріне қойылатын талаптар Биржаның ішкі әдістемелерінің негізінде есептеледі және орталық контрагенттің алдында барлық қаржы құралдарында клирингке қатысушының нетто-міндеттемелерінің несиелік және нарықтық тәуекелінің мөлшерін өтеуі тиіс.

Қор нарығында, валюта нарығында және деривативтер нарығында ішінара қамтамасыз ету үшін қабылданатын қаржы құралдары қатысушылар Биржаның корреспонденттік шоттарына аударатын теңге және АҚШ доллары болып табылады.

Қор нарығында қамтамасыз ету ретінде клирингке қатысушылар ақшадан басқа Биржада айналыста жүретін бағалы қағаздарды енгізеді. Бұл бағалы қағаздар «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-да қор нарығының әр депоненті-клирингке қатысушының жеке шотының қосалқы шоттарында (клиенттік және меншікті) «KASE» бөлімінде қамтамасыз ету ретінде ескеріледі, Биржаның активтері болып табылмайды және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмейді.

Клирингке қатысушының ашық позицияларын қамтамасыз ету үшін оның қамтамасыз етуі және/немесе маржалық қамтамасыз етуі жеткіліксіз болғанда, клирингке қатысушы қосымша қамтамасыз етуді енгізу, немесе ашық позициялардың көлемін азайтуға әкеп соқтыратын мәмілелерді жасау арқылы Биржа қойған талапты орындауға міндетті.

Қамтамасыз етуі жоқ клирингке қатысушы қамтамасыз етуді ұсынбайды және кепілдік жарнасын төлемейді.

Клирингке қатысушылардың алдындағы мәмілелердің орындалуын ұжымдық қамтамасыз ету клирингтік резервтік және кепілдік қорлары болып табылады. Резервтік қорлар әрбір биржа нарығы үшін Биржаның өз қаражатының есебінен қалыптасады. Кепілдік қорлары клирингке қатысушылар Биржаның корреспонденттік шотына салатын клирингке қатысушылардың кепілдік жарналарының негізінде қалыптасады. Белгілі бір биржа нарығында қаржы құралдарымен орталық контрагенттің қатысуымен сауда-саттық режимдерінде жасалған мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелерді өтеу үшін пайдаланылатын жеке кепілдік қорлары жасалуы мүмкін. Резервтік қорлар мұндай резервтік қор қалыптасқан белгілі бір биржа нарығының қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелерді өтеу үшін пайдаланылады. Кепілдік қорларының қаражаты дефолтты реттеу шеңберінде биржа нарығында жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерден басқа, Биржаның және/немесе клирингке қатысушылардың қандай да бір өзге міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде пайдалана алмайды. Ұжымдық қамтамасыз ету тек дербес қамтамасыз ету қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда ғана пайдаланылады. Ұжымдық қамтамасыз етуді пайдалану тәртібі Компанияның ішкі құжаттарымен көзделген.

### Бағалау міндеттемелері

Топтың өткеніндегі белгілі бір оқиғаның салдарынан реттелуі ықтималдылықтың үлкен дәрежесіндегі болашақ экономикалық пайданы қамтитын ресурстар шығысын талап ететін және сенімділіктің жеткілікті дәрежесінде бағалауға болатын заңды немесе практикамен негізделген міндеттемелері болса, бағалау міндеттемелері танылады.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

**Зейнетақы төлемдері және қызметкерлерге өзге де сыйақылар бойынша міндеттемелер**

Топтың қызметкерлерге ағымдағы жалпы төлемдерден пайыз ретіндегі жұмыс берушінің ағымдық жарналарының есебі көзделетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік зейнетақы жүйесіне қатысудан басқа қосымша зейнетақы бағдарламалары жоқ. Бұл шығыстар тиісті жалақы қатысты болатын есепті кезеңде көрсетіледі. Осыдан басқа, Топ еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге елеулі сыйақыларды төлемейді.

**Капитал**

*Жарғылық капитал*

Жай акциялар және дискрециялық дивидендтерге арналған құқықтармен өтелуге жатпайтын артықшылықты акциялар меншікті капитал құрамында көрсетіледі. Бизнестерді біріктіру жағдайларын қоспағанда, жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты үшінші тараптардың қызметтерін төлеуге жұмсалған шығындар осы эмиссияның нәтижесінде алынған соманың азаюы ретінде меншікті капиталдың құрамында көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың атаулы құнынан асып кету сомасы қосымша капитал ретінде бейнеленеді.

*Меншікті сатып алынған акциялар*

Компания Компанияның акцияларын сатып алған жағдайда пайда салығын шегере отырып мәміле бойынша тиісті шығындарды қоса алғанда, төленген өтемақы меншікті сатып алынған акциялар ретінде олардың күші жойылған немесе қайталап шығарылған сәтке дейін меншікті капиталдың жалпы сомасынан есептен шығарылады. Мұндай акцияларды кейіннен сату немесе қайталап шығару кезінде түскен өтемақы капиталдың құрамына қосылады. Меншікті сатып алынған акциялар орташа алынған құны бойынша ескеріледі.

*Дивидендтер*

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі меншікті капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есеп берушілікте ашып көрсетіледі.

**Шартты активтер мен міндеттемелер**

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бейнеленбейді, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда олар туралы ақпарат қаржылық есеп берушілікте ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бейнеленбейді, мұндайда оларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болып табылатын жағдайларда олар туралы ақпарат қаржылық есеп берушілікте ашылады.

**Кірістер мен шығыстарды тану**

Егер Топ экономикалық пайда алады деген жоғары ықтималдылық болса, және егер түсімнің сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім танылады. Қаржылық есеп берушілікте түсімді тану үшін мынадай критерийлер орындалуы тиіс:

***Пайыздық және соған ұқсас түсім мен шығыстар***

Топ амортизацияланған құн бойынша немесе несиелік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, БЖКЭҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша пайыздық түсімді есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ келешек несиелік залалдар ескерілмейді. Топ төлемдердің немесе түсімдердің бағаларын қайта қарастырған жағдайда, қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеменің негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгеруі пайыздық түсім немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

### Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)

***Комиссиялық кірістер***

Топ клиенттерге көрсететін әр түрлі қызметтерден комиссиялық кірістер алады. Комиссиялық кірістер мынадай екі санатқа бөлінуі мүмкін:

*Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде көрсетілген қызметтер үшін алынған комиссиялық кірістер*

Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде көрсетілген қызметтер үшін алынған комиссия орындалуға жататын тиісті міндеттердің орындалу шамасына қарай осы кезең ішіне есептеледі. Мұндай баптарға комиссиялық кірістер, листинг және клиринг алымдары, ақпараттық қызметтер, қашықтан қатынау қызметтері және мүшелік жарналар жатады.

*Операцияларды жасау бойынша қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кірістер*

Үшінші тараптың атынан операциялар жасау бойынша келіссөздер жүргізу немесе қатысу, мысалы Топтың орындалуға жататын міндеті акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу не бизнестерді сатып алу немесе сату кезінде келісім жасау үшін алынған комиссия, мұндай операция аяқталған соң танылады. Орындалуға жататын белгілі бір міндеттермен байланысты комиссиялық ақы (немесе комиссиялық ақының бір бөлігі) тиісті критерийлер орындалғаннан кейін танылады. Егер шартта ауыспалы өтемақы көзделген болса, комиссиялық кірістер ауыспалы өтемақыға тән болатын белгісіздікті кейіннен шешу кезінде түсімнің мойындалған жинақталған қорытынды сомасы айтарлықтай азаюы болатын деген жоғары дәрежеде ғана танылады.

### Шетел валюталарын қайта есептеу

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік Топтың функционалдық валютасы мен есеп берушілік беру валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен берілді. Шетел валюталарындағы операциялар алдымен операция мерзімінде әрекет ететін айырбастау бағамы бойынша қызметтік валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын пайда мен зиян жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте «Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда» бабы бойынша бейнеленеді. Шетел валютасында тарихи құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операцияны жасау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбастау бағамы мен мұндай операция мерзіміндегі ресми бағамы арасындағы айырма шетел валютасындағы операциялар бойынша зиян шегеріле отырып пайда құрамына енгізіледі. 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына ресми бағамдар былайша болды:

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *2019 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| KZT/USD | **420,91** | 382,59 |
| KZT/EUR | **516,79** | 429 |
| KZT/RUR | **5,62** | 6,16 |
| KZT/GBP | **574,88** | 503,41 |

### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін басып шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ осы жаңа стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олар күшіне енген күннен кейін қолдануға ниет білдіріп отыр.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)**

*17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»*

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есеп берушіліктің жаңа ауқымды стандарты 17 ХҚЕС (IFRS) *«Сақтандыру шарттары»* шығарды. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енгенде, ол 2005 жылы шығарылған 4 ХҚЕС (IFRS) *«Сақтандыру шарттарын»* ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады.

17 ХҚЕС (IFRS) қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

*«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС (IFRS) – «Қаржылық міндеттемелердің танылуы тоқтаған жағдайда «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы»*

2018-2020 жылдардағы кезең үшін ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдіру процесінің шеңберінде ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды. Түзетуде ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің талаптары бастапқы қаржылық міндеттеменің талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетіндігін бағалау кезінде ескеретін комиссиялық сыйақы сомаларының құрамы нақтыланады. Мұндай сомаларға тек, кредитор немесе қарыз алушы басқа тараптың атынан төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, кредитор мен қарыз алушының арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар ғана жатады. Ұйым бұл түзетуді ұйым бұл түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе содан кейін) түрлендірілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты қолдануы тиіс.

Мұндай түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Топ бұл түзетуді ол бұл түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе содан кейін) түрлендірілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты қолданады. Бұл түзету Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

*«Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау – 2-кезең:» 9 ХҚЕС-ке (IFRS), 39 ХҚЕС-ке (IAS), 7 ХҚЕС-ке (IFRS), 4 ХҚЕС-ке (IFRS) және 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер*

2020 жылғы тамызда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау – 2-кезең:»* 9 ХҚЕС-ке (IFRS), 39 ХҚЕС-ке (IAS), 7 ХҚЕС-ке (IFRS), 4 ХҚЕС-ке (IFRS) және 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерді шығарды, онда IBOR мөлшерлемесін тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелерге ауыстыруға орай туындайтын есепке алу мәселелері қарастырылады.

Бұл түзетулер кейбір босатуларды және ақпараттың қосымша ашылып көрсетілуін көздейді. Босатулар қаржы құралына қатысты IBOR мөлшерлемесінің орнына тәуекелсіз мөлшерлеме қолданыла басталғанда қолданылады.

Іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдету ретінде базалық пайыздық мөлшерлеме реформасының нәтижесінде шартта көзделген ақша ағындарын айқындауға арналған негіздің өзгеруі IBOR мөлшерлемесінен тәуекелсіз мөлшерлемеге өту кезінде шартта көзделген ақша ағындарын айқындауға арналған жаңа негіз бұрынғы негізге экономикалық баламалы болып табылатындығы талабымен құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде ескерілуі тиіс.

Топ бұл түзетуді 2021 жылдың қаңтарынан бастап қолданылады.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 4. Маңызды есептік пікірлер және бағалаулар

**Бағалаудың белгісіздігі**

Топтың есепке алу саясатын қолдану үшін басшылық өзінің пікірлерін пайдаланды және шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікте танылған соманы анықтау кезінде бағалау жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауды пайдаланудың барынша елеулі жағдайлары көрсетілген:

*Қаржы құралдарының әділ құны*

Егер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бейнеленген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерден тұратын бағалаудың түрлі модельдерін пайдалана отырып анықталады. Мұндай модельдер үшін алғашқы деректер, егер мүмкін болса, бақыланатын нарық негізінде анықталады; басқа жағдайда әділ құнды анықтау үшін пікірді қолдану қажет. Қосымша ақпарат *24-ескертпеде* келтірілген.

## 5. Қызметтерді көрсетуден түскен түсім

Қызметтерді көрсетуден түскен түсімге келесі позициялар жатады:

| | *2020 жыл* | *2019 жыл* |
|---|---|---|
| Операцияны жүргізу үшін комиссия | **1.371.167** | 1.013.780 |
| Листинг алымдары | **839.787** | 727.052 |
| Клиринг алымдары | **389.073** | 239.557 |
| Мүшелік алымдар | **286.518** | 259.066 |
| Ақпараттық қызметтерді көрсетуден түскен кірістер | **232.701** | 202.913 |
| Қашықтықтан қол жеткізу қызметтерін көрсетуден түскен кірістер | **38.535** | 32.535 |
| **Қызметтерді көрсетуден түскен түсім** | **3.157.781** | 2.474.903 |

**Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім**

Топтың клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсімі ең алдымен қызметтерді көрсетуден түскен түсіммен білдірілген. 2020 жылғы 31 желтоқсанда және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылған клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім былайша болды:

| | *2020 жыл* | *2019 жыл* |
|---|---|---|
| Комиссиялық кірістер | **2.886.545** | 2.239.455 |
| Клиенттермен жасалған шарттар бойынша басқа да түсім | **271.236** | 235.448 |
| **Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім жиыны** | **3.157.781** | 2.474.903 |

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ шарт бойынша келесі активтерді және клиенттермен жасалған шарттармен байланысты шарт бойынша міндеттемелерді таныды:

| | *2020 жыл* | *2019 жыл* |
|---|---|---|
| Шарт бойынша активтер (басқа да активтер құрамында көрсетілген) | **304.632** | 92.259 |
| Шарт бойынша міндеттемелер (алынған аванстар ретінде көрсетілген) | **31.616** | 49.038 |

Топ, әдетте, олар тиесілі болатын операция аяқталғанға дейін немесе ол аяқтала салысымен (шарттар жағдайында, әрі солар бойынша орындалуға жататын міндет белгілі бір уақыт сәтінде орындалады, мысалы, Биржадағы операциялар үшін комиссиялық сыйақылар) комиссиялық ақыны алады. Кезең ішінде орындалатын қызметтер көрсетілген жағдайда (листинг алымдары сияқты), Топ әдетте аванспен ай сайын, тоқсан сайын немесе жыл сайын шарттың жалпы қолданылу мерзімінің тиісті бөлігіне қатысты сомаларды алады.

Топ 15 ХҚЕС-тің (IFRS) 121-тармағында көзделген іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдетуді қолданады және бастапқы күтілетін қолданылу мерзімі бір жылдан аспайтын шарттар бойынша орындалмай қалған міндеттер туралы ақпаратты ашып көрсетеді.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 6. Пайыздық кірістер

| | *2020 жыл* | *2019 жыл* |
|---|---|---|
| **Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері** | | |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | **2.012.007** | 1.334.879 |
| Кері «репо» шарттары | **306.393** | 212.126 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | **120.841** | 120.285 |
| Ақша қаражатының баламасы | **33.793** | 106.273 |
| **Қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс жиыны** | **2.473.034** | 1.773.563 |

## 7. Операциялық шығыстар

| | *2020 жыл* | *2019 жыл* |
|---|---|---|
| Персонал шығыстары | **1.621.770** | 1.182.337 |
| Тозу және амортизация *(16, 17-ескертпелер)* | **240.290** | 124.519 |
| Әлеуметтік салық | **153.307** | 110.100 |
| Пайда салығынан басқа, салықтар | **130.958** | 53.527 |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге техникалық қызмет көрсету | **76.939** | 54.372 |
| Банктік қызметтер | **62.456** | 44.241 |
| Коммуникациялар мен SWIFT қызмет көрсету | **27.497** | 32.735 |
| Ақпараттық қызметтер | **25.372** | 19.151 |
| Бизнесті дамыту шығыстары | **23.960** | 24.058 |
| Мүшелік жарналар | **16.193** | 15.097 |
| Кәсіптік қызметтер | **14.206** | 17.491 |
| Операциялық жалдау | **15.361** | 17.055 |
| Персоналды оқыту | **7.460** | 14.497 |
| Іссапар шығыстары | **5.995** | 51.336 |
| Сақтандыру төлемдері | **1.143** | 1.296 |
| Пошталық және курьерлік қызметтер шығыстары | **2.215** | 2.143 |
| Басқа да шығыстар | **61.703** | 66.490 |
| **Операциялық шығыстардың жиыны** | **2.486.825** | 1.830.445 |

## 8. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс келесі баптардан тұрады:

| | *2020 жыл* | *2019 жыл* |
|---|---|---|
| Корпоративтік табыс салығын есептеу – ағымдағы бөлік | **186.812** | 172.345 |
| Өткен жылдардың корпоративтік табыс салығын түзету | **4.112** | – |
| Кейінге қалдырылған салықты есептеу – уақыт айырмаларының туындауы және азаюы | **57.291** | 49.437 |
| Басқа жиынтық кірістің құрамында танылған кейінге қалдырылған салықты шегере отырып (негізгі құралдарды қайта бағалау) | **(6.038)** | – |
| **Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс** | **242.177** | 221.782 |

Топтың кірісіне Қазақстан Республикасында ғана салық салынады. Салық заңнамасына сәйкес 2020 және 2019 жылдары корпоративтік табыс салығының қолданылатын мөлшерлемесін 20% құрайды.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 8. Салық салу (жалғасы)

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар мен 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін салықтың нормативтік мөлшерлемесіне көбейтілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды есепке алғанға дейінгі пайда арасындағы салыстырып тексеру былайша болды:

| | *2020 жыл* | *2019 жыл* |
|---|---|---|
| **Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда** | **3.135.688** | 2.414.471 |
| Салықтың нормативтік мөлшерлемесі | **20%** | 20% |
| **Нормативтік мөлшерлеме бойынша есептелген салық** | **627.138** | 482.894 |
| Өткен жылдардың корпоративтік табыс салығын түзету | **4.112** | – |
| *Салық салынбайтын кіріс* | | |
| Мемлекеттік бағалы қағаздар мен басқа да бағалы қағаздардан салық салынбайтын пайыздық кіріс | **(402.399)** | (266.967) |
| *Есептен шығарылмайтын шығыстар* | | |
| Несиелік зиян бойынша шығыстар | **3.662** | 1.222 |
| Мүшелік жарналар | **2.879** | 2.864 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | **2.638** | 4.381 |
| Басқасы | **4.147** | (2.612) |
| **Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс** | **242.177** | 221.782 |

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелеріне, сондай-ақ олардың тиісті жылдар үшін қозғалысына келесі позициялар жатады:

| | | *Уақытша айырмалардың туындауы және азаюы* | | | *Уақытша айырмалардың туындауы және азаюы* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | *2018 жылғы 31 желтоқсан* | *Пайда немесе зиян құрамында* | *Басқа жиынтық кірістің құрамында* | *2019 жылғы 31 желтоқсан* | *Пайда немесе зиян құрамында* | *Басқа жиынтық кірістің құрамында* | *2020 жылғы 31 желтоқсан* |
| **Шегерілетін уақыт айырмаларының салық әсері** | | | | | | | |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептеулер | 9.069 | 4.223 | – | 13.292 | **165** | **–** | **13.457** |
| Басқасы | 2.598 | 1.003 | – | 3.601 | **(2.973)** | **–** | **628** |
| **Кейінге қалдырылған салық активі** | 11.667 | 5.226 | – | 16.893 | **(2.808)** | **–** | **14.085** |
| **Салық салынатын уақыт айырмаларының салық әсері** | | | | | | | |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер | (35.317) | (54.663) | – | (89.980) | **(48.445)** | **(6.038)** | **(144.463)** |
| **Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі** | (35.317) | (54.663) | – | (89.980) | **(48.445)** | **(6.038)** | **(144.463)** |
| **Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер жиыны, нетто** | (23.650) | (49.437) | – | (73.087) | **(51.253)** | **(6.038)** | **(130.378)** |
| **Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер** | 710 | 290 | – | 1.000 | **395** | **–** | **1.395** |
| **Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер** | (24.360) | (49.727) | – | (74.087) | **(51.648)** | **(6.038)** | **(131.773)** |

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 9. Акцияға пайда

Пайданың және акцияға базалық пайданы есептеу үшін пайдаланылған жай акциялардың орташа алынған санының көрсеткіштері төменде келтірілген.

| | *2020 жыл* | *2019 жыл* |
|---|---|---|
| Топ акционерлеріне келетін бір жылғы таза пайда | **2.893.511** | 2.192.689 |
| Акцияға базалық пайданы анықтау мақсатында жай акциялардың орташа алынған саны | **978.964** | 961.044 |
| **Акцияға базалық және бөлінген кіріс (теңге)** | **2.955,69** | 2.281,57 |

## 10. Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына келесі позициялар кіреді:

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *2019 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| Кассадағы қолма-қол ақша | **377** | 551 |
| Кредиттік ұйымдардағы корреспонденттік шоттар | **41.456.590** | 10.570.419 |
| ҚРҰБ-дегі корреспонденттік шот | **5.384.203** | 9.700.056 |
| | | |
| КНЗ бағалау резервін шегере отырып | **(23.296)** | (9.106) |
| **Ақша қаражаты мен оның баламалары** | **46.817.874** | 20.261.920 |

Банктердегі корреспонденттік шоттарға келесі позициялар кіреді:

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *2019 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| The Bank of New York Mellon | **21.413.367** | 7.127.256 |
| «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ | **13.693.519** | 2.096.921 |
| Citibank N.A. | **5.801.945** | 808.702 |
| «Altyn Bank» АҚ | **267.211** | 369.327 |
| JPMorgan Chase Bank, N.A. | **239.396** | 140.262 |
| Басқа да кредиттік ұйымдар | **41.152** | 27.951 |
| | **41.456.590** | 10.570.419 |
| | | |
| КНЗ бағалау резервін шегере отырып | **(23.296)** | (9.106) |
| **Кредиттік ұйымдардағы корреспонденттік шоттар** | **41.433.294** | 10.561.313 |

Ақша қаражаты мен оның баламалары қалдықтарының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік тәуекелдің немесе құнсызданудың айтарлықтай өсу белгілері жоқ. Бір жыл үшін КНЗ бағалау резервтерінің өзгерістерін талдау төменде келтірілген:

| | *2020 жыл* | *2019 жыл* |
|---|---|---|
| **1 қаңтарға КНЗ бағалау резерві** | **(9.106)** | (5.420) |
| Резервтің таза өзгеруі | **(14.190)** | (3.686) |
| **31 желтоқсанға** | **(23.296)** | (9.106) |

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 11. Кредиттік ұйымдардағы қаражат

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *2019 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| 90 күннен артық мерзімге орналастырылған мерзімді депозиттер | **1.300.000** | 1.381.567 |
| КНЗ бағалау резервін шегере отырып | **(3.523)** | (3.773) |
| **Кредиттік ұйымдардағы қаражат жиыны** | **1.296.477** | 1.377.794 |

2020 жылғы 31 желтоқсанға мерзімді депозиттерге «Ресей Жинақ банкі» ЕБ АҚ-да жылдық 9,00% номиналды пайыздық мөлшерлемемен және 2021 жылғы 1 ақпанға дейін өтеу күнімен орналастырылған (2019 жылғы 31 желтоқсан: жылдық 9,00% номиналды пайыздық мөлшерлемемен және 2020 жылғы 1 ақпанға дейін өтеу күнімен) 1.300.000 мың теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 1.381.567 мың теңге) сомадағы қаражат жатады.

Кредиттік ұйымдардағы қаражаттың 2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік тәуекелдің немесе құнсызданудың айтарлықтай өсу белгілері жоқ. Бір жыл үшін КНЗ бағалау резервтерінің өзгерістерін талдау төменде келтірілген:

| | *2020 жыл* | *2019 жыл* |
|---|---|---|
| **1 қаңтарға КНЗ бағалау резерві** | **(3.773)** | (5.946) |
| Резервтің таза өзгеруі | **250** | 2.173 |
| **31 желтоқсанға** | **(3.523)** | (3.773) |

## 12. Орталық контрагенттің қаржы активтері мен міндеттемелері

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *2019 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| «Репо» және кері «репо» шарттары | **1.423.667.918** | 25.321.727 |
| Валюталық операциялар | **1.379.773** | 961.946 |
| **Орталық контрагенттің қаржы активтері мен міндеттемелерінің жиыны** | **1.425.047.691** | 26.283.673 |

Орталық контрагенттің қаржы активтері валюталық операциялар мен «репо» мәмілелері бойынша дебиторлық берешекті білдіреді, орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері – Топ нарыққа қатысушылармен орталық контрагент рөлінде жасаған тиісті мәмілелер бойынша кредиторлық берешекті.

Жеке контрагенттердің қарсы талаптары мен міндеттемелерінің өзара есепке алынуы 32 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес жасалады.

## 13. Инвестициялық бағалы қағаздар

Инвестициялық бағалы қағаздарға келесі позициялар кіреді:

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *2019 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| **Амортизациялық құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар** | | |
| Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары | **28.723.307** | 18.744.845 |
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары | **419.210** | – |
| Корпоративтік облигациялар | **–** | 25.944 |
| КНЗ бағалау резервін шегере отырып | **–** | (317) |
| **Инвестициялық бағалы қағаздар** | **29.142.517** | 18.770.472 |

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 14. Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздарға келесі позициялар жатады:

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | | *2019 жылғы 31 желтоқсан* | |
|---|---|---|---|---|
| | *Иелік ету үлесі, %* | *Сомасы* | *Иелік ету үлесі, %* | *Сомасы* |
| «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ | **29,28** | **18.800** | 29,28 | 18.800 |
| «Кыргызская фондовая биржа» ЖАҚ | **7,05** | **2.253** | 7,05 | 2.253 |
| **БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар** | **–** | **21.053** | – | 21.053 |

Топ өз қарауына қарай үлестік құралдарға кейбір инвестицияларды олар саудаға арналмаған деген негізде БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдарға инвестициялар ретінде жіктеді. Мұндай инвестицияларға биржалар мен клиринг ұйымдарының капиталдарына міндетті салымдар жатады.

«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ коммерциялық емес ұйым болып табылады. «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның бақылау жасайтын акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады, оның иелік ету үлесі 63,24%-ды құрайды. Топ басшылығы Топ «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның қызметіне айтарлықтай ықпал етпейді деп есептейді.

## 15. Сатуға арналған активтер

2018 жылғы 25 желтоқсанда Топтың Директорлар кеңесі «РТРС» ЖШС-тің жарғылық капиталында Топтың 50%-дық қатысу үлесін өткізу шешімі туралы жариялады. 2020 жылдың ішінде «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-мен өткізу туралы келіссөздер бұл мәміле тараптарының арасында келісулердің жоқтығына орай аяқталмады. Топ басшылығы «РТРС» ЖШС-тің үлесін Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы шешіміне сәйкес өткізу жоспарын ұстануда және «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-мен мәміленің 2021 жылдың ішінде жасалуы жоғары деп есептейді. 2020 жылғы 31 желтоқсанға «РТРС» ЖШС-не инвестициялар сатуға арналған инвестициялар ретінде ескерілді.

## 16. Негізгі құралдар

| | *Ғимарат* | *Жер* | *Машиналар мен құрал-жабдықтар* | *Көлік құралдары* | *Басқасы* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қайта бағаланған құн** | | | | | | |
| **2018 жылғы 31 желтоқсан** | 1.018.154 | 179.675 | 351.679 | 46.747 | 127.128 | 1.723.383 |
| Түсімдер | – | – | 129.783 | 14.768 | 9.042 | 153.593 |
| Есептен шығару | – | – | – | (6.579) | – | (6.579) |
| **2019 жылғы 31 желтоқсан** | 1.018.154 | 179.675 | 481.462 | 54.936 | 136.170 | 1.870.397 |
| Түсімдер | **–** | **–** | **122.868** | **–** | **7.550** | **130.418** |
| Қайта бағалаудың әсері | **(83.821)** | **(102.405)** | **–** | **2.536** | **–** | **(183.690)** |
| **2020 жылғы 31 желтоқсан** | **934.333** | **77.270** | **604.330** | **57.472** | **143.720** | **1.817.125** |
| ***Жинақталған амортизация*** | | | | | | |
| **2018 жылғы 31 желтоқсан** | (32.494) | – | (248.214) | (11.858) | (97.101) | (389.667) |
| Есептелген амортизация | (25.995) | – | (42.583) | (8.274) | (9.244) | (86.096) |
| Есептен шығару | – | – | – | 3.055 | – | 3.055 |
| **2019 жылғы 31 желтоқсан** | (58.489) | – | (290.797) | (17.077) | (106.345) | (472.708) |
| Есептелген амортизация | **(25.996)** | **–** | **(66.214)** | **(9.912)** | **(6.540)** | **(108.662)** |
| Қайта бағалаудың әсері | **84.485** | **–** | **–** | **26.989** | **–** | **111.474** |
| **2020 жылғы 31 желтоқсан** | **–** | **–** | **(357.011)** | **–** | **(112.885)** | **(469.896)** |
| **Таза баланстық құны** | | | | | | |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | 959.665 | 179.675 | 190.665 | 37.859 | 29.825 | 1.397.689 |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанға** | **934.333** | **77.270** | **247.319** | **57.472** | **30.835** | **1.347.229** |

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 16. Негізгі құралдар (жалғасы)

Топ өз меншігіндегі жерді, ғимараттар мен көлік құралдарының әділ құнын анықтау үшін, «Бюро Независимой Оценки» ЖШС, тәуелсіз бағалаушының қызметтерін пайдаланды. Әділ құн нарықта ұсынылатын осыған ұқсас объектілердің құнына сүйене отырып, сондай-ақ дисконтталған ақша ағындарының әдісін қолдана отырып айқындалады. Қайта бағалау күні – 2020 жылғы 31 желтоқсан. Жердің, ғимараттар мен көлік құралдарының әділ құны туралы барынша толық ақпарат *24-ескертпеде* ашылып көрсетіледі.

Егер жердің, ғимараттар мен көлік құралдарының құнын бағалау бастапқы құн бойынша есепке алу моделін пайдалана отырып жасалса, баланстық құн көрсеткіштері былайша болар еді:

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | | | *2019 жылғы 31 желтоқсан* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Жер* | *Ғимарат* | *Көлік құралдары* | *Жер* | *Ғимарат* | *Көлік құралдары* |
| Бастапқы құн | **1.628** | **1.023.223** | **61.424** | 1.628 | 1.023.223 | 61.424 |
| Жинақталған амортизация | **–** | **(232.357)** | **(30.073)** | – | (206.776) | (20.859) |
| **Таза баланстық құны** | **1.628** | **790.866** | **31.351** | 1.628 | 816.447 | 40.565 |

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдардың толығымен амортизацияланған бастапқы құны 274.992 мың теңге (2019 жылдың 31 желтоқсанына: 268.103 мың теңге) болды.

## 17. Материалдық емес активтер

Төменде материалдық емес активтердің баптары бойынша қозғалыс келтірілген:

| | *Іште әзірленетін бағдар-ламалық жасақтама* | *Басқа да бағдар-ламалық жасақтама мен лицензиялар* | *Басқасы* | *Аяқталмаған құрылыс* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құн** | | | | | |
| **2018 жылғы 31 желтоқсан** | 184.677 | 115.234 | 5.573 | – | 305.484 |
| Түсімдер | – | 594.221 | 258 | 2.293 | 596.772 |
| Жалақы мен басқа да шығындарды капиталдандыру | 20.315 | – | – | – | 20.315 |
| Есептен шығару | – | (217) | – | – | (217) |
| **2019 жылғы 31 желтоқсан** | 204.992 | 709.238 | 5.831 | 2.293 | 922.354 |
| Түсімдер | **2.643** | **406.632** | **281** | **9.263** | **418.819** |
| Жалақы мен басқа да шығындарды капиталдандыру | **11.353** | **–** | **–** | **–** | **11.353** |
| Аударымдар | **11.085** | **–** | **471** | **(11.556)** | **–** |
| **2020 жылғы 31 желтоқсан** | **230.073** | **1.115.870** | **6.583** | **–** | **1.352.526** |
| **Жинақталған амортизация** | | | | | |
| **2018 жылғы 31 желтоқсан** | (65.065) | (78.631) | (5.573) | – | (149.269) |
| Есептелген амортизация | (23.762) | (14.661) | – | – | (38.423) |
| Есептен шығару | – | 217 | – | – | 217 |
| **2019 жылғы 31 желтоқсан** | (88.827) | (93.075) | (5.573) | – | (187.475) |
| Есептелген тозу | **(40.398)** | **(90.220)** | **(1.010)** | **–** | **(131.628)** |
| **2020 жылғы 31 желтоқсан** | **(129.225)** | **(183.295)** | **(6.583)** | **–** | **(319.103)** |
| **Таза баланстық құны** | | | | | |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | 116.165 | 616.163 | 258 | 2.293 | 734.879 |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанға** | **100.848** | **932.575** | **–** | **–** | **1.033.423** |

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 18. Берілген аванстар

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген аванстар 662.220 мың теңге болды (2019 жылғы 31 желтоқсан: 4.372 мың теңге), оның ішінде «Московская Биржа ММВБ-РТС» ЖАҚ-қа (бұдан әрі – «MOEX») биржалық сауда-саттықты жүргізу және клирингті жүзеге асыру үшін бағдарламалық өнімдерді сатып алуға 2018 жылғы 10 қазандағы стратегиялық келісімнің шеңберінде 650.606 мың теңге мөлшерінде берілген аванс.

## 19. Басқа да активтер мен міндеттемелер

Басқа да активтерге келесі позициялар кіреді:

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *2019 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| **Басқа да қаржы активтері** | | |
| Алынуға жататын комиссиялық сыйақылар | **139.586** | 40.759 |
| Клиринг операциялары бойынша қызметтер үшін кіріс | **112.799** | 14.887 |
| Алынуға жататын ақпараттық қызметтен түскен кіріс | **55.457** | 37.023 |
| Алынуға жататын листингілік сыйақылар | **10.762** | 10.480 |
| Алынуға жататын мүшелік жарналар | **1.304** | – |
| Алынуға жататын қашықтықтан қол жеткізу қызметтерінен түскен кірістер | **250** | 38 |
| Алынуға жататын айыппұлдар мен өсімпұлдар | **125** | 38 |
| **Басқа да қаржы активтерінің жиыны** | **320.283** | 103.225 |
| | | |
| **КНЗ бағалау резервін шегере отырып** | **(15.651)** | (10.966) |
| **Басқа да қаржы активтерінің жиыны** | **304.632** | 92.259 |
| | | |
| **Басқа да қаржылық емес активтер** | | |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар | **9.097** | 3.856 |
| Келешек кезеңдердің шығыстары | **7.415** | 15.799 |
| Тауар-материалдық қорлар | **6.379** | 7.730 |
| Демалыстар бойынша аванстар | **1.371** | 2.585 |
| Басқасы | **39** | 39 |
| **Басқа да қаржылық емес активтердің жиыны:** | **24.301** | 30.009 |
| **Басқа да активтердің жиыны** | **328.933** | 122.268 |

Басқа да міндеттемелерге келесі позициялар кіреді:

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *2019 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| **Басқа да қаржылық міндеттемелер** | | |
| Кредиторлық берешек | **12.339** | 279.966 |
| Төленуге жататын дивидендтер | **2.203** | 2.203 |
| **Басқа да қаржылық міндеттемелердің жиыны** | **14.542** | 282.169 |
| | | |
| **Басқа да қаржылық емес міндеттемелер** | | |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептеулер | **67.285** | 66.460 |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар | **4.696** | 22.045 |
| Басқасы | **4.894** | 5.362 |
| **Басқа да қаржылық емес міндеттемелердің жиыны** | **76.875** | 93.867 |
| **Басқа да міндеттемелердің жиыны** | **91.417** | 376.036 |

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 20. Клирингке қатысушылардың қаражаты

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клирингке қатысушылардың қаражаты деривативтер нарығының клирингке қатысушыларының нетто-міндеттемелерінің, қор және валюта нарықтары мәмілелерінің орындалуын қамтамасыз ету болып табылатын кепілдік және маржалық жарналармен білдірілген.

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *2019 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| Маржа жарналары | **63.511.191** | 32.023.379 |
| Валюта нарығы бойынша кепілдік жарналары | **701.000** | 675.000 |
| Қор нарығы бойынша кепілдік жарналары | **386.000** | 69.000 |
| Фьючерстер үшін маржа шоты | **57.660** | 57.660 |
| Валюталық фьючерстер секторы бойынша кепілдік жарналары | **32.000** | 30.000 |
| Қор фьючерстері секторы бойынша кепілдік жарналары | **3.000** | 2.000 |
| **Клирингке қатысушылар қаражатының жиыны** | **64.690.851** | 32.857.039 |

Қаражатты келесі клирингке қатысушылар орналастырды.

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *2019 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| Қазақстандық екінші деңгейдегі банктер | **48.169.842** | 29.093.748 |
| Басқа да қаржы ұйымдары | **16.302.827** | 2.183.111 |
| Халықаралық банктік есеп айырысу және кредиттік институт | **218.182** | 1.580.180 |
| **Клирингке қатысушылар қаражатының жиыны** | **64.690.851** | 32.857.039 |

## 21. Жарғылық капитал

Компанияның жарғылық капиталы жай акциялардың келесі санымен білдірілген:

| | *Шығарылған акциялардың саны* | *Сатып алынған акциялардың саны* | *Айналыстағы акциялардың саны* | *Жарғылық капитал* | *Меншікті сатып алынған акциялар* |
|---|---|---|---|---|---|
| **2019 жылғы 1 қаңтар** | 942.013 | (13.329) | 928.684 | 2.366.256 | (62.076) |
| Жарғылық капиталды ұлғайту | 32.360 | – | 32.360 | 295.519 | – |
| **2019 жылғы 31 желтоқсан** | 974.373 | (13.329) | 961.044 | 2.661.775 | (62.076) |
| Жарғылық капиталды ұлғайту | **100.858** | – | **100.858** | **1.527.255** | – |
| Бұрын сатып алынған акцияларды сату | – | **13.329** | **13.329** | – | **62.076** |
| **2020 жылғы 31 желтоқсан** | **1.075.231** | – | **1.075.231** | **4.189.030** | – |

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған жай акциялардың жалпы саны 5.000.000 дана болды (2019 жылғы 31 желтоқсан: 5.000.000 дана). 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған акциялар 1.075.231 дана көлемінде орналастырылды және толығымен төленді (2019 жылғы 31 желтоқсан: 974.373 дана, олардың 13.329 данасы сатып алынған акциялар).

2020 жылғы 27 қазанда Компанияның Директорлар кеңесі, 13.329 дана көлемінде бұрын сатып алынған акцияларды қоса алғанда, 119.000 жай акцияны орналастыру/сату туралы шешімді мақұлдады.

2020 жылғы 21 желтоқсанда Компания мен «Bolashaq Trade Group» ЖШС Компанияның бір акция үшін 13.918,67 теңге бағасымен 5.683 дана жай акция көлемінде жай акцияларын сату мәмілесін жасады. Акцияларды сату нәтижесінде алынған активтер 79.100 мың теңге жалпы сомаға ақша қаражатымен білдірілді.

2020 жылғы 15 желтоқсанда Компания мен MOEX тараптардың бұрын қол қойылған 2018 жылғы 10 қазандағы Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру шеңберінде Компанияның 95.175 дана көлемінде жай акцияларын және бір акция үшін 13.918,67 теңге бағасымен 13.329 дана көлемінде бұрын сатып алынған акцияларын сату мәмілесін жасады. Акцияларды сату нәтижесінде алынған активтер 1.510.231 мың теңге жалпы сомаға ақша қаражатымен білдірілді.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 21. Жарғылық капитал (жалғасы)

2018 жылғы 12 желтоқсанда Компанияның Директорлар кеңесі 32.360 жай акцияны орналастыру туралы шешімді мақұлдады.

2019 жылғы 21 қаңтарда Компания мен MOEX тараптардың бұрын қол қойылған 2018 жылғы 10 қазандағы Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру шеңберінде Компанияның акция үшін 9.132,22 теңге бағасымен 32.360 дана көлемінде жай акцияларын сату мәмілесін жасады.

**Басқа резервтердің сипаты мен мақсаты**

*Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві*

Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві жердің, ғимараттар мен көлік құралдарының әділ құнының ұлғаюын, сондай-ақ тек мұндай азаю бұрын меншікті капиталдың құрамында көрсетілген дәл сол активтің алдыңғы ұлғаюымен байланысты болған шамада ғана осы құнның азаюын көрсету үшін пайдаланылады.

*Әділ құн резерві*

Бұл резерв БЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының өзгеруін көрсетеді.

*Резервтік қор*

Резервтік қор нарыққа қатысушылардың ықтимал дефолтын өтеу үшін «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қалыптасады. Компанияның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі отырысында резервтік қорды 1.420.000 мың теңгеге ұлғайту шешімі қабылданды.

*Басқа резервтердің баптары бойынша қозғалыс*

Төменде басқа резервтердің баптары бойынша қозғалыс көрсетілген:

| | *Әділ құн резерві* | *Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві* | *Резервтік қор* |
|---|---|---|---|
| **2019 жылғы 1 қаңтарға** | 57 | 179.893 | 1.750.000 |
| БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдардың әділ құны өзгеруінің таза көлемі | (44) | – | – |
| Салықтарды шегере отырып, қайта бағалау резервінің амортизациясы | – | (403) | – |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | 13 | 179.490 | 1.750.000 |
| БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдардың әділ құны өзгеруінің таза көлемі | **(13)** | – | – |
| Негізгі құралдарды қайта бағалау | – | **(72.216)** | – |
| Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған салық әсері | – | **(6.038)** | – |
| Салықтарды шегере отырып, қайта бағалау резервінің амортизациясы | – | **(403)** | – |
| Резервтік қорды ұлғайту | – | – | **1.420.000** |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанға** | **–** | **100.833** | **3.170.000** |

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 22. Шарттық және шартты міндеттемелер

**Операциялық орта**

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Қазақстан экономикасының келешектегі тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ үкімет экономика, қаржы және ақша-несие саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

Қазақстан экономикасына теріс әсерін мұнай бағасының төмендеуі мен теңгенің негізгі шетел валюталарына қатысты волатильділігі тигізуде. Теңгемен пайыздық мөлшерлемелер жоғары болып қалып отыр. Бұл факторлардың жиынтығы капиталдың қолжетімділігінің төмендеуіне және оның құнының ұлғаюына, сондай-ақ одан кейінгі экономикалық өсімге қатысты белгісіздіктің артуына әкеп соқтырды, бұл Топтың қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне және экономикалық перспективаларына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Топ басшылығы ағымдағы жағдайларда Топтың экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша лайықты шараларды қолға алып отыр деп санайды.

COVID-19 пандемиясымен ағымдағы жағдайға байланысты, пандемияның одан арғы дамуына және оның ұзақтығына, сондай-ақ экономиканың таяу арада ықтимал қалпына келу дәрежесіне қатысты белгісіздік қалып отыр. Үкімет түрлі шараларды қолға алуды жалғастыруда және олардың ықпалының өршуі жалғасуда. Сондықтан Топ басшылығы өскен тәуекелдердің үздіксіз бағалауын, сондай-ақ пандемияның салдары мен үкімет қолға алған шараларды бағалауын жүзеге асыруда.

**Салық салу**

Қазақстан Республикасындағы салық талаптары өзгеруге, тиянақсыз қолдануға және түсіндіруге ұшырағыш. Қазақстандық уәкілетті органдардың қазақстандық заңдар мен Топ ережелерінің түсіндіруіндегі алшақтықтар қосымша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың есептелуіне әкеп соқтыра алады.

Қазақстандық заңнама және салық салу практикасы үздіксіз даму жағдайында тұр және сондықтан кері күші болуы мүмкін түрлі және талқылауға әрі жиі өзгерістерге ұшырағыш. Кейбір жағдайларда, салық салынатын базаны айқындау үшін, салық заңнамасы ХҚЕС ережелеріне сілтеме жасайды, бұл ретте қазақстандық салық органдарының ХҚЕС-тің тиісті ережелерін талқылауы басшылық бұл шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау кезінде қолданған есепті саясаттардан, пайымдаулар мен бағалаудан ерекшелене алады, бұл Банкте қосымша салық міндеттемелерінің пайда болуына әкеп соқтыра алады. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін үш жылдың ішінде ретроспективті тексеруді жүргізе алады. Топ басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы болып табылады және Топтың салықтық позициясы негіздемелі болып табылады деп санайды.

**Соттың істі карауы**

Топ әдеттегі қызметінің барысында сот шағымдары мен талаптарының объектісі болып табылады. Басшылықтың пікірінше, мұндай шағымдардың немесе талаптардың нәтижесінде туындайтын ықтимал міндеттемелер (олар болғанда) Топтың келешектегі қаржылық жай-күйіне немесе қызмет нәтижелеріне айтарлықтай теріс ықпал етпейді.

**Шарттық және шартты міндеттемелер**

31 желтоқсанға Топтың шарттық және шартты міндеттемелеріне келесі позициялар кірді:

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *2019 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| **Шарттық және шартты міндеттемелер** | | |
| Күрделі шығындар бойынша міндеттемелер | **77.873** | 1.164.644 |

2018 жылғы 10 қазанда Компания және MOEX Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Келісімге сай Компания MOEX-тың бағдарламалық жасақтамасын (KASE биржа нарықтарында операцияларға қызмет көрсету үшін) пайдалану, MOEX-тың KASE үшін стратегиялық консалтинг қызметтерін көрсету құқықтарын сатып алады.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 23. Тәуекелдерді басқару саясаты

### Кіріспе

Тәуекелдерді басқару Топ қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Топ қызметіне тән негізгі тәуекелдер:

- несиелік тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- нарықтық тәуекел;
- валюталық тәуекел;
- операциялық тәуекел.

Топ тәуекелдерді басқару бойынша тиімді әрі қолданылатын процестің болу маңыздылығын мойындайды. Тәуекелдерді басқару жөніндегі тиімді әрі қолданылатын саясатты қамтамасыз ету үшін Топ тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттарын айқындады, оның негізгі мақсаты Топты елеулі тәуекелдерден қорғау және оған жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік беру болып табылады. Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі міндеттері: тәуекелдер көздерін анықтау, тәуекелдер деңгейлерін өлшеу, тәуекелдерді басқару саласындағы саясаттар мен қағидаларды әзірлеу және бақылау тетіктерін ендіру, оған қоса лимиттерді белгілеу және оларды кейіннен сақтау.

Тәуекелдерді басқару саясаты, сәйкестендіру, бағалау, мониторинг және тәуекелі бар оқиғаларға жауап беру тәртібі, сондай-ақ Топтың қаржылық және операциялық тәуекелдерін басқару тәртібі Топтың тиісті ішкі құжаттарымен реттеледі.

Бұдан әрі Топтың негізгі тәуекелдеріне қатысты сипаттама келтіріледі.

*Тәуекелдерді басқару құрылымы*

Тәуекелдерді анықтау мен оларды бақылауға жалпы жауап беретін Директорлар кеңесі, алайда, тәуекелдерді басқару мен бақылауға жауапты жекелеген тәуелсіз органдар да бар.

*Директорлар кеңесі*

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару стратегиясын әзірлеу, тәуекел түрлері бойынша саясат пен лимиттер тұжырымдамасы қағидаттарының бекітілуі үшін жауапкершілікті көтереді. Қосымша Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың маңызды мәселелері үшін жауапты болады және тәуекелдерге қатысты қабылданған тиісті шешімдердің орындалуын бақылап, соларға бақылау жасап отырады.

*Басқарма*

Басқарма Биржадағы тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесінің ұйымдастырылуын қамтамасыз ету үшін жауапкершілік көтереді.

*Нарықтық тәуекелдер комитеті*

Биржаның алқалы консультативтік органы, оның ең аз талап етілетін құрамын Басқарма айқындайды, дербес құрам Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі. Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитеттің негізгі функциялары қаржы нарықтарындағы жағдаймен, Биржаның, оның контрагенттері – Биржа мүшелерінің, клирингке қатысушылардың, эмитенттер мен инвесторлардың қызметімен байланысты тәуекелдерді талдау, мониторинг жасау, анықтау және басқару, сондай-ақ Биржа Басқармасына ұсынымдар дайындау болып табылады.

*Инвестициялық комитет*

Құрамын Басқарма бекітетін Биржаның алқалы органы. Инвестициялық комитеттің негізгі функциялары Биржа активтерінің есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау жөнінде инвестициялық шешімдер қабылдау және инвестициялаумен байланысты қаржы тәуекелдері деңгейінің азаюын қамтамасыз ету болып табылады.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 23. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)

### Кіріспе (жалғасы)

*Тәуекелді азайту*

Топ тәуекелдерді басқару аясында пайыздық мөлшерлемелердегі, айырбастау бағамдарындағы өзгерістер, акциялар бағасының өзгеру тәуекелі, несиелік тәуекел салдарынан туындайтын бағыттарды, сондай-ақ болжалды мәмілелер бойынша бағыттарды басқару үшін туынды және басқа құралдарды қолданады. Топ өзінің несиелік тәуекелін азайту үшін белсенді түрде қамтамасыз етуді пайдаланады.

*Тәуекелдің аса шоғырлануы*

Тәуекелдердің шоғырлануы бірқатар контрагенттер ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асырған жағдайда немесе олардың қызметі бір географиялық аймақта жүргізілгенде немесе контрагенттер ұқсас экономикалық сипаттамаларға ие болғанда туындайды және экономикалық, саяси және басқа да шарттардың өзгеруі нәтижесінде осы контрагенттердің шарттық міндеттемелерді орындау қабілетіне сол тәрізді ықпал етеді. Тәуекелдің шоғырлануы Топ қызметі нәтижелерінің белгілі бір салаға немесе географиялық аймаққа әсер ететін шарттардағы өзгерістерге салыстырмалы сезімталдығын көрсетеді.

Тәуекелдің аса шоғырлануын болдырмас үшін Топқа әртараптандырылған портфельді қолдауға бағытталған арнайы қағидаттар кіреді. Шоғырланумен белгіленген тәуекел басқарылады.

### Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел – Топ клиенттерінің немесе контрагенттерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан шығынға ұшырау тәуекелі. Топ несиелік тәуекелді жекелеген контрагенттер бойынша Банк қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ тәуекелдің белгіленген шектерінің сақталуына мониторинг жүргізу көмегімен басқарады.

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген активтерді инвестициялау саясатына сәйкес кірістілігі мен тәуекелі бойынша теңестірілген активтердің түрлері, өтімділік дәрежесі, кірістілік деңгейі, мерзімділігі бойынша әртараптандырылған қаржы құралдарының портфельдері қалыптастырылады.

Активтерді инвестициялау саясатына сәйкес, Биржа ай сайын Биржаның инвестициялық портфельдеріне талдау жасап отырады, бұл ретте Тәуекелдерді басқару бөлімі тоқсан сайын инвестициялық портфельдердің жай-күйін және оның тәуекелдерге ұшырағыштығын талдайды, оған қоса қаржы құралдарының дефолт ықтималдылығын анықтайды, сондай-ақ Биржаның инвестициялық портфельдеріне стресс-және бэк-тестілеуді жүргізеді.

*Орталық контрагентпен операциялар*

Орталық контрагенттің функцияларын атқара отырып, Биржа сондай-ақ клирингке қатысушылардың өз міндеттемелерін орындамау тәуекелін өз мойнына алуына орай несиелік тәуекелдерге ұшырайды және бір мезгілде әрбір адал клирингке қатысушының алдында өз міндеттемелерінің орындалуына кепілдігін береді.

Орталық контрагенттің функцияларын атқару кезінде несиелік тәуекелді басқару мақсатында, Биржа клирингке қатысушылардың қаржылық жай-күйіне, қабылданатын қамтамасыз етудің түрлері мен сапасына талаптарды белгілейді, оған Биржаның ішкі әдістемелеріне сәйкес айқындалған жоғары деңгейде сенімділігі бар эмитенттердің ақшасы мен өтімді бағалы қағаздары жатады. Биржа өзінің контрагенттерінің өлшенген бағалануын және қабылданған тәуекелдің деңгейін қамтамасыз ететін ішкі рейтингтер жүйесін әзірлеп, тұрақты жетілдіреді. Контрагенттерді бағалау контрагенттердің қаржылық талаптарын, ақпараттық айқындылық деңгейін, іскери беделі мен басқа да қаржылық және қаржылық емес факторларды жан-жақты терең бағалаудың негізінде жүзеге асырылады.

Биржа орталық контрагент ретінде болатын операциялармен байланысты несиелік тәуекелді азайту үшін Биржа халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және түрлі қорғау шектерінен тұратын қамтамасыз ету пулының көп деңгейлі каскадты құрылымын енгізді.

Сауда-саттыққа қатысушының тарапынан Биржаның несиелік тәуекелі Биржаның «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша сауда-саттық бойынша төлемдерді орындауы арқылы барынша азайтылады.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 23. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)

### Несиелік тәуекел (жалғасы)

*Туынды қаржы құралдары*

Туынды қаржы құралдарымен байланысты несиелік тәуекел кез келген сәтте қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте мойындалған оң әділ құны бар туынды құралдармен шектелген.

*Құнсыздану*

Топ күтілетін несие зиянын (КНЗ) тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталатын ақша қаражатын жеткіліксіз алуын бағалау үшін есептейді. Ақша қаражатын жеткілікті алмау – ұйымға шарттарға сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен ұйым алынуын күтіп отырған ақша ағындары арасындағы айырма. КНЗ-ны есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтері мыналар болып табылады:

| | |
|---|---|
| Дефолт ықтималдылығы (PD) | *Дефолт ықтималдылығы* (PD) белгіленген уақыт аралығының бойына дефолттың орын алу ықтималдылығының есепті бағалауын білдіреді. Дефолт қарастырылатын кезең ішінде белгілі бір уақыт сәтінде ғана орын алуы мүмкін, егер активтің мойындалуы тоқтамаса және ол бұрынғысынша портфельдің бір бөлігі болып табылса. |
| Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем (EAD) | *Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем* , шартта немесе өзгеше көзделген негізгі борыш сомасы мен пайыздардың төленуін, төлем жасау мерзімдерінің өтуі нәтижесінде есептелген берілген қарыздар мен пайыздардың өтелуін қоса алғанда, бұл көлемнің есепті күннен кейінгі күтілетін өзгерістерін ескере отырып, келешекте қандай да бір күнге дефолтқа ұшыраған көлемнің есепті бағалануын білдіреді. |
| Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі (LGD) | *Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі* белгілі бір уақыт сәтінде дефолт орын алған жағдайда туындайтын залалдардың есепті бағалануын білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды күтіп отырған, оның ішінде қамтамасыз етуді өткізу нәтижесінде күтіп отырған ақша ағындарының арасындағы айырмаға сүйене отырып есептеледі. Әдетте EAD-қа қатысты пайыздармен білдіріледі. |

Дебиторлық берешекке қатысты Топ стандартта көзделген жеңілдетілген тәсілді қолданады және КНЗ бағалау резервін пайда болуы активтің қолданылу мерзімінің бойына күтілетін несиелік зиян негізінде есептейді (барлық мерзім ішінде күтілетін несиелік зиян немесе барлық мерзімді ішінде КНЗ) Биржа қарыз алушыларға тән болатын болжамды факторлар мен жалпы экономикалық талаптарды ескере отырып түзетілген несие зиянының пайда болуының бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды. Басқа да борыштық қаржы активтері болған жағдайда КНЗ 12 ай бұрын есептеледі. Дегенмен қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап едәуір ұлғайған жағдайда зиянның бағалау резерві бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиянға тең болатын сомада бағаланады.

*Дефолтты анықтау*

Топ банктердегі қаражатқа қатысты дефолт болды деп есептейді және егер операциялық күнді жабу сәтіне бөлек келісімдерде көрсетілген қажетті күнішілік төлемдер жасалмаса, оны жою бойынша дереу шараларды қолға алады.

*Қазынашылық және банкаралық қатынастар*

Топтың қазынашылық ара қатынастарына қаржылық қызметтерді көрсететін ұйымдар, банктер, брокер-дилерлер, биржалар мен клиринг ұйымдары сияқты контрагенттермен қарым-қатынастар жатады. Мұндай қарым-қатынастарды бағалау үшін Топтың несиелік тәуекел департаменті қаржылық есеп берушілік сияқты баршаға қолжетімді ақпаратты және басқа да сыртқы дерек көздерінен деректерді, мысалға, сыртқы рейтингтер, саралайды.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 23. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)

### Несиелік тәуекел (жалғасы)

*Қазынашылық және банкаралық қатынастар (жалғасы)*

Топ несиелік рейтингтің келесі деңгейлерін пайдаланады:

| *Сыртқы халықаралық рейтинг агенттігінің рейтингісі (Fitch)* | *Рейтинг деңгейінің сипаттамасы* | *бүкіл мерзімдегі PD* |
|---|---|---|
| AA+ бастап AAA дейін | Жоғары рейтинг | 0-2% |
| AA | | |
| A+ бастап AA- дейін | | |
| A- | Стандартты рейтинг | 2-14% |
| BBB+ | | |
| BBB | | |
| BBB- | | |
| BB+ | | |
| BB- бастап BB дейін | Стандарттыдан төмен рейтинг | 14-100% |
| B- бастап B+ дейін | | |
| CCC | | |
| CCC- | | |
| D | Құнсызданғандар | 100% |

*Несиелік тәуекелге барынша ұшырағыштық*

Неттинг туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдаланудың салдарынан тәуекелдің азаюының ықпалын есепке алмастан, туынды құралдарды қоса алғанда, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп баптарының баланстық құны мұндай баптар бойынша несиелік тәуекелдің ең көп мөлшерін барынша дәл етіп көрсетеді.

Әділ құнымен бейнеленген қаржы құралдары бойынша баланстық құны құндағы өзгеріс нәтижесінде болашақта туындауы мүмкін тәуекелдің ең жоғарғы мөлшерін емес, несиелік тәуекелдің ағымдағы мөлшерін білдіреді.

Бұдан әрі Топтың несие рейтингілері бойынша қаржы активтерінің жіктелуі көрсетілген:

| | *AA* | *AA-/A+* | *BBB* | *BBB-* | *<BBB-* | *Несиелік рейтинг берілмеген* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2020 жылғы 31 желтоқсан** | | | | | | | |
| Қолма-қол қаражатты қоспағанда, ақша қаражаты мен оның баламалары | **21.395.196** | **6.036.923** | **1.172** | **5.661.874** | **28.813** | **13.693.519** | **46.817.497** |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | **–** | **–** | **–** | **1.296.477** | **–** | **–** | **1.296.477** |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | **–** | **–** | **–** | **29.142.517** | **–** | **–** | **29.142.517** |
| Басқа да қаржы активтері | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **304.632** | **304.632** |
| **Жиыны** | **21.395.196** | **6.036.923** | **1.172** | **36.100.868** | **28.813** | **13.998.151** | **77.561.123** |
| **2019 жылғы 31 желтоқсан** | | | | | | | |
| Қолма-қол қаражатты қоспағанда, ақша қаражаты мен оның баламалары | 7.261.046 | 808.207 | 22 | 10.078.026 | 17.147 | 2.096.921 | 20.261.369 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | – | – | – | 1.377.794 | – | – | 1.377.794 |
| Кері «репо» шарттары | – | – | – | 1.953.000 | – | – | 1.953.000 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | – | – | – | 18.744.851 | 25.621 | – | 18.770.472 |
| Басқа да қаржы активтері | – | – | – | – | – | 92.259 | 92.259 |
| **Жиыны** | 7.261.046 | 808.207 | 22 | 32.153.671 | 42.768 | 2.189.180 | 42.454.894 |

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 23. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)

### Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – Топтың төлемдер бойынша өз міндеттемелерін әдеттегі немесе төтенше жағдайларда өтеу мерзімі келген кезде орындай алмау тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында, басшылық қолданыстағы ең аз банк салымдарының сомасына қосымша ретінде түрлі қаржыландыру көздерінің қолжетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық сондай-ақ өтімділікті ескере отырып, активтерді басқаруды және болашақ ақша ағымдары мен өтімділікке күнделікті мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. Бұл үрдіске күтілетін ақша ағымдарын бағалау және қажет болған жағдайда, қосымша қаржыландыруды алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етудің болуы кіреді.

*Өтімділік тәуекелін басқару*

Орталық контрагенттің функцияларын атқару кезінде өтімділік тәуекелін басқару шеңберінде Топ келесі құралдарды пайдаланады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот бойынша валюта нарығындағы овердрафт, тікелей РЕПО операциялары және шартты түрде қысқа мерзімді валюталық своп деп аталатын шетел валютасымен атаулы операциялар.

Топтың уақытша бос меншікті активтері екінші деңгейдегі банктердің салымдарына екі жылдан аспайтын мерзімге орналастырылды. Топтың салымдары орналастырыла алатын екінші деңгейдегі банктердің тізбесін Биржаның Инвестициялық комитеті тұрақты түрде қайта қарап, бекітіп отырды.

Бұл ретте инвестициялық портфельді құрайтын инвестициялау объектілерінің әртараптандырылуы Топтың инвестициялық портфелінде өтелгенге дейін бірдей мерзімі бар қаржы активтерінің шоғырлануы нәтижесінде туындайтын залалдар тәуекелдерін болдырмау мақсатында жасалады.

Топтың саясатына сай сауда-саттыққа қатысушылардың қаражаты қандай да бір құралдарға орналастырылмай, Биржаның корреспонденттік шоттарында болады. Валюта нарығындағы биржалық сауда-саттықты өткізу барысында туындайтын өтімділік тәуекелі Биржаның «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша сауда-саттыққа қатысушылардың нетто-талаптарының төленіне төлемдерді орындауы арқылы азайтылады, бұл ретте есеп айырысу регламентін бұзған сауда-саттыққа қатысушыға ақша аударылмай, Биржаның корреспонденттік шоттарында қалады. Сонымен бірге, мерзімді мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалмау тәуекелін азайту мақсатында мерзімді нарыққа қатысушылар кепілдік қорларын, ал Биржа – мөлшері ішкі әдістемелер бойынша есептелген резервтік қорды қалыптастырды.

Төмендегі кестеде 31 желтоқсанға өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Топтың қаржылық міндеттемелері көрсетілді.

| *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *1 айдан кем* | *1 айдан 3 айға дейін* | *3 айдан 12 айға дейін* | *1 жылдан 5 жылға дейін* | *5 жылдан артық* | *Өтеу мерзімін-сіз* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | | | |
| Клирингке қатысушылардың қаражаты | **64.690.851** | – | – | – | – | – | **64.690.851** |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер | **12.339** | – | **2.203** | – | – | – | **14.542** |
| **Қаржылық міндеттемелердің жиыны** | **64.703.190** | – | **2.203** | – | – | – | **64.705.393** |

| *2019 жылғы 31 желтоқсан* | *1 айдан кем* | *1 айдан 3 айға дейін* | *3 айдан 12 айға дейін* | *1 жылдан 5 жылға дейін* | *5 жылдан артық* | *Өтеу мерзімін-сіз* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | | | |
| Клирингке қатысушылардың қаражаты | 32.857.039 | – | – | – | – | – | 32.857.039 |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер | 282.169 | – | – | – | – | – | 282.169 |
| **Қаржылық міндеттемелердің жиыны** | 33.139.208 | – | – | – | – | – | 33.139.208 |

### Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл Топ ұшырағыш келетін пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталарын айырбастау бағамдарының, қаржы құралдарына бағалардың өзгеруін қоса алғанда, нарықтық параметрлердің өзгеруі салдарынан, сондай-ақ орталық контрагентпен режимдерде жасалатын мәмілелер бойынша клирингке қатысушылардың позицияларын, оның ішінде ашық позицияларын жою шығындары себебімен нарықтың төмен өтімділігінің салдарынан зиянның пайда болу тәуекелдері.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 23. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)

### Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Нарықтық тәуекелді басқару үшін орталық контрагент қаржы құралдарының параметрлері-тәуекелін анықтау жүйесі, клирингке қатысушылардың белгілі бір биржа нарықтарындағы ашық позицияларының лимиттері, ішінара қамтамасыз етумен клирингке қатысушылар үшін қамтамасыз ету / маржалық қамтамасыз ету жеткіліктілігін бақылау, толық өтей отырып клирингке қатысушылар үшін туындайтын міндеттемелердің толық өтелуін бақылау, ішінара қамтамасыз ете отырып клирингке қатысушылардың қамтамасыз ету / маржалық қамтамасыз ету және нетто-позициялардың құнын қайта бағалау, қаржы құралын ішінара қамтамасыз етілген мәмілелерге жіберу үшін талаптарды белгілеу сияқты тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтерін пайдаланады.

### Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел валюталарды айырбастау бағамдарының өзгеруіне байланысты қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелін білдіреді. Топтың қаржылық жағдайы мен ақша ағындары шетел валюталарын айырбастау бағамдарының құбылу ықпалына ұшырағыш келеді.

Келесі кестеде Топтың 31 желтоқсанға монетарлық активтер мен міндеттемелер бойынша едәуір позициялары бар валюталар көрсетілген. Жасалған талдау жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке теңгеге қатысты валюта бағамдарындағы ықтимал өзгерістің әсері есебінен тұрады (кейбір монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуы салдарынан олардың әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал келеді). Меншікті Капиталға әсер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп әсерінен ерекшеленбейді. Кестедегі теріс сомалар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте немесе меншікті капиталда ықтимал таза азаюды көрсетеді, ал оң сомалар әлеуетті таза ұлғаюды көрсетеді.

| | *2020 жыл* | | *2019 жыл* | |
|---|---|---|---|---|
| ***Валюта*** | ***Валюта бағамының өзгеруі, %-бен*** | ***Салық салынғанға дейін табысқа әсері*** | ***Валюта бағамының өзгеруі, %-бен*** | ***Салық салынғанға дейін табысқа әсері*** |
| АҚШ Доллары | **14%** | **44.417** | 12% | 3.360 |
| | **(11%)** | **(34.899)** | (9%) | (2.520) |
| Еуро | **14%** | **(5)** | 12% | (2) |
| | **(11%)** | **4** | (9%) | 2 |

### Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел – жүйенің істен шығуы, қызметкерлердің қателіктері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі қызметін тоқтатқан кезде, операциялық тәуекелдер беделге зиян келтіруі, құқықтық салдарының болуы немесе қаржылық шығындарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Топ барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және әлеуетті тәуекелдерді қадағалау мен тиісті реакциялар арқылы Топ мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді, кіру құқығын тиімді бөлуді, бекіту және салыстыру процедураларын, қызметкерлерді оқытуды, сондай-ақ бағалау процедураларын қарастырады. Тәуекелдерге мониторинг жасауды тәуекелдерді басқару бөлімшесі жүзеге асырады. Топтың үздіксіз қызметін қамтамасыз ету үшін қызметтің үздіксіздігін және қалпына келтірілуін қамтамасыз ету саясаттары мен рәсімдері әзірленген.

## 24. Әділ құнды бағалау

### Әділ құнның иерархиясы

Топ қаржы құралдарының әділ құнын айқындаудың және бағалау үлгісіне қарай ол туралы ақпаратты ашып көрсетудің келесі иерархиясын пайдаланады:

- 1-деңгей: тиісті активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгілеулер (түзетілмеген).
- 2-деңгей: есепте көрсетілген әділ құнға айтарлықтай әсер ететін барлық бастапқы деректер тікелей немесе жанама бақыланатын болып табылатын басқа үлгілер.
- 3-деңгей: есепте көрсетілген әділ құнға айтарлықтай әсер ететін барлық бастапқы деректер нарықта бақыланатын болып табылатын үлгілер.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 24. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

### Әділ құнның иерархиясы (жалғасы)

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсаты үшін Топ актив немесе міндеттеме бойынша тәуекелдердің табиғаты мен сипаттамаларының негізінде активтер мен міндеттемелердің кластарын, сондай-ақ әділ құн иерархиясындағы деңгейді айқындады.

| | | *Бастапқы деректерді пайдалана отырып әділ құнды бағалау* | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *2020 жылғы 31 желтоқсан* | *Бағалау күні* | *1-деңгей* | *2-деңгей* | *3-деңгей* | *Жиыны* | *Әділ құны* | *Таныламаған пайда/(зиян)* |
| **Әділ құны бойынша бағаланатын активтер** | | | | | | | |
| Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар | 2020 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 21.053 | 21.053 | 21.053 | – |
| Негізгі құралдар – жер, ғимараттар, көлік құралдары | 2020 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 1.069.075 | 1.069.075 | 1.069.075 | – |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер** | | | | | | | |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 2020 жылғы 31 желтоқсан | 5.384.580 | 41.433.294 | – | 46.817.874 | 46.817.874 | – |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | 2020 жылғы 31 желтоқсан | – | 1.296.477 | – | 1.296.477 | 1.296.477 | – |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | 2020 жылғы 31 желтоқсан | 29.142.517 | – | – | 29.142.517 | 29.152.006 | 9.489 |
| Басқа да қаржы активтері | 2020 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 304.632 | 304.632 | 304.632 | – |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер** | | | | | | | |
| Клирингке қатысушылардың қаражаты | 2020 жылғы 31 желтоқсан | – | 64.690.851 | – | 64.690.851 | 64.690.851 | – |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер | 2020 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 14.542 | 14.542 | 14.542 | – |

| | | *Бастапқы деректерді пайдалана отырып әділ құнды бағалау* | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *2019 жылғы 31 желтоқсан* | *Бағалау күні* | *1-деңгей* | *2-деңгей* | *3-деңгей* | *Жиыны* | *Әділ құны* | *Таныламаған пайда/(зиян)* |
| **Әділ құны бойынша бағаланатын активтер** | | | | | | | |
| Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар | 2019 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 21.053 | 21.053 | 21.053 | – |
| Негізгі құралдар – жер, ғимараттар, көлік құралдары | 2019 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 1.177.199 | 1.177.199 | 1.177.199 | – |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер** | | | | | | | |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 9.700.607 | 10.561.313 | – | 20.261.920 | 20.261.920 | – |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | 2019 жылғы 31 желтоқсан | – | 1.377.794 | – | 1.377.794 | 1.377.794 | – |
| Кері «репо» шарттары | 2019 жылғы 31 желтоқсан | – | 1.953.000 | – | 1.953.000 | 1.953.000 | – |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 18.744.845 | 25.627 | – | 18.770.472 | 18.770.386 | (86) |
| Басқа да қаржы активтері | 2019 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 92.259 | 92.259 | 92.259 | – |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер** | | | | | | | |
| Клирингке қатысушылардың қаражаты | 2019 жылғы 31 желтоқсан | – | 32.857.039 | – | 32.857.039 | 32.857.039 | – |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер | 2019 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 282.169 | 282.169 | 282.169 | – |

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 24. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

**Бағалау және болжау модельдері**

Төменде солардың көмегімен қаржылық есеп берушілікте әділ құны бойынша көрсетілетін активтер мен міндеттемелердің әділ құны айқындалған модельдер мен жорамалдар, сондай-ақ әділ құны ашылып көрсетілмейтін, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте әділ құны бойынша бағаланбайтын баптар сипатталған.

*Әділ құны шамамен баланстық құнына тең болатын активтер*

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер жағдайында, олардың әділ құны шамамен баланстық құнына тең болуы мүмкін. Бұл жорамал талап еткенге дейінгі салымдарға, өтеу мерзімі белгіленбеген жинақ шоттарына да қолданылады.

*Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер*

Бағасы белгіленетін облигациялардың әділ құны есепті күнге баға белгілеуге негізделеді. Бағасы белгіленбейтін құралдардың, кредиттік ұйымдардағы қаражаттың, клирингке қатысушылар қаражатының, басқа да қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құны осы секілді шарттар, несиелік тәуекелдер мен өтеу мерзімі бойынша болашақ ақша қаражаттарының ағынын дисконттау арқылы бағаланады.

*Негізгі құралдар – ғимараттар*

Жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны нарықпен салыстыру әдісінің және дисконтталған ақша ағындары әдісінің көмегімен айқындалды.

Нарықпен салыстырып тексеру әдісіне сай бағалаушы жасаған бағалау жылжымайтын мүліктің нақты объектісінің сипатындағы, орналасқан жеріндегі немесе жай-күйіндегі ерекшеліктерді ескере отырып едәуір түзетілген нарықтық операциялардың бағаларына негізделген.

Дисконтталған ақша ағындарының әдісіне сай әділ құн активті пайдалану мерзімінің ішінде иелік етумен байланысты пайда мен міндеттемелерге қатысты жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады. Бұл әдіске жылжымайтын мүлік объектісіндегі қатысу үлесі бойынша ақша ағындарының бірізділігін болжау жатады. Болжамды ақша ағындарының осы бірізділігіне қатысты нарықтық деректердің негізінде алынған дисконттау мөлшерлемесі қолданылады, соның нәтижесінде активпен байланысты кірістер ағынының келтірілген құны айқындалады.

*Негізгі құралдар – жер*

Жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны нарықпен салыстыру әдісінің көмегімен айқындалды. Бағалау нақты жылжымайтын мүлік объектісінің сипатындағы, орналасқан жеріндегі немесе жай-күйіндегі ерекшеліктерге қатысты түзетілген нарықтық операциялардың бағаларына негізделгендігін білдіреді.

**Едәуір байқалмайтын бастапқы деректер және әділ құны бойынша бағаланатын 3-деңгейлі қаржылық емес құралдардың басты жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдығы**

Келесі кестеде әділ құн иерархиясының 3-деңгейіне жатқызылған Топ ғимараттарының әділ құнын бағалауының 2020 жылғы 31 желтоқсанға бақыланбайтын бастапқы деректердің өзгеруіне сезімталдылығы туралы жалпылама ақпарат көрсетілген:

| *Бақыланбайтын бастапқы деректер* | *Мәні* | *Бақыланбайтын бастапқы деректердегі өзгеріс* | *Әділ құнға әсері* |
|---|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | 15,72% | +1% | (32.601) |
| | | -1% | 37.029 |

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 25. Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Төмендегі кестелерде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржылық міндеттемелерге қарсы есепке алынған қаржы активтері, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алуға әкеп соқтырмайтын неттинг туралы бас келісімдердің және соған ұқсас келісімдердің (ISDA, RISDA және сол сияқтылар) құқықтық қорғаумен қамтамасыз етілген салдар көрсетілген:

| | | | *Байланысты сомалар, әрі солар бойынша өзара есепке алу қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмеген* | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *2020 жылғы 31 желтоқсанға* | *Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржы активтерінің таза мөлшері* | *Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржылық міндеттемелердің таза мөлшері* | *Қаржы құралдары* | *Алынған ақшалай қамтамасыз ету* | *Таза сома* |
| **Қаржы активтері** | | | | | |
| Орталық контрагенттің қаржы активтері | **1.425.047.691** | **–** | **(1.425.047.691)** | **–** | **–** |
| **Жиыны** | **1.425.047.691** | **–** | **(1.425.047.691)** | **–** | **–** |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | |
| Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері | **–** | **(1.425.047.691)** | **1.425.047.691** | **–** | **–** |
| **Жиыны** | **–** | **(1.425.047.691)** | **1.425.047.691** | **–** | **–** |

| | | | *Байланысты сомалар, әрі солар бойынша өзара есепке алу қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмеген* | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *2020 жылғы 31 желтоқсанға* | *Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржы активтерінің таза мөлшері* | *Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржылық міндеттемелердің таза мөлшері* | *Қаржы құралдары* | *Алынған ақшалай қамтамасыз ету* | *Таза сома* |
| **Қаржы активтері** | | | | | |
| Кері «репо» шарттары | 1.953.000 | – | (1.953.000) | – | – |
| Орталық контрагенттің қаржы активтері | 26.283.673 | – | (26.283.673) | – | – |
| **Жиыны** | 28.236.673 | – | (28.236.673) | – | – |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | |
| Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері | – | (26.283.673) | 26.283.673 | – | – |
| **Жиыны** | – | (26.283.673) | 26.283.673 | – | – |

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 26. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау

Төмендегі кестеде күтілетін өтеу мерзіміне қатысты активтер мен міндеттемелер берілді.

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | | | *2019 жылғы 31 желтоқсан* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Бір жыл ішінде* | *Бір жылдан артық* | *Жиыны* | *Бір жыл ішінде* | *Бір жылдан артық* | *Жиыны* |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | **46.817.874** | **–** | **46.817.874** | 20.261.920 | – | 20.261.920 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | **1.296.477** | **–** | **1.296.477** | – | 1.377.794 | 1.377.794 |
| Кері «репо» шарттары | **–** | **–** | **–** | 1.953.000 | – | 1.953.000 |
| Орталық контрагенттің қаржы активтері | **1.425.047.691** | **–** | **1.425.047.691** | 26.283.673 | – | 26.283.673 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | **29.142.517** | **–** | **29.142.517** | 18.770.472 | – | 18.770.472 |
| Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар | **–** | **21.053** | **21.053** | – | 21.053 | 21.053 |
| Сатуға арналған активтер | **91.548** | **–** | **91.548** | 92.495 | – | 92.495 |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | **11.476** | **–** | **11.476** | 20.468 | – | 20.468 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | **–** | **1.395** | **1.395** | – | 1.000 | 1.000 |
| Негізгі құралдар | **–** | **1.347.229** | **1.347.229** | – | 1.397.689 | 1.397.689 |
| Материалдық емес активтер | **–** | **1.033.423** | **1.033.423** | – | 734.879 | 734.879 |
| Берілген аванстар | **11.614** | **650.606** | **662.220** | 4.372 | – | 4.372 |
| Басқа да активтер | **328.933** | **–** | **328.933** | 122.268 | – | 122.268 |
| **Жиыны** | **1.502.748.130** | **3.053.706** | **1.505.801.836** | 67.508.668 | 3.532.415 | 71.041.083 |
| | | | | | | |
| Клирингке қатысушылардың қаражаты | **64.690.851** | **–** | **64.690.851** | 32.857.039 | – | 32.857.039 |
| Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері | **1.425.047.691** | **–** | **1.425.047.691** | 26.283.673 | – | 26.283.673 |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер | **3.784** | **–** | **3.784** | 1.081 | – | 1.081 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер | **–** | **131.773** | **131.773** | – | 74.087 | 74.087 |
| Алынған аванстар | **31.616** | **–** | **31.616** | 49.038 | – | 49.038 |
| Басқа да міндеттемелер | **91.417** | **–** | **91.417** | 376.036 | – | 376.036 |
| **Жиыны** | **1.489.865.359** | **131.773** | **1.489.997.132** | 59.566.867 | 74.087 | 59.640.954 |
| **Таза позиция** | **12.882.771** | **2.921.933** | **15.804.704** | 7.941.801 | 3.458.328 | 11.400.129 |

## 27. Байланысты тараптармен операциялар

*«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу»* 24 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес, тараптардың бірінің екіншінің қаржылық және операциялық шешімдеріне елеулі әсер ету немесе бақылау мүмкіндігі бар тараптар байланысқан деп саналады. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелер жасауы мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланыспаған тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен талаптарынан ерекшеленуі мүмкін.

*(Мың қазақстандық теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 27. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

Топ пен басқа да байланысты тараптардың арасындағы операциялар туралы толық мәліметтер төменде ашылып көрсетілген.

| | *2020 жылғы 31 желтоқсан* | | | *2019 жылғы 31 желтоқсан* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Бас ұйым* | *Басқа да байланысты тараптар* | *Негізгі басқар-ушы персонал* | *Бас ұйым* | *Басқа да байланысты тараптар* | *Негізгі басқар-ушы персонал* |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | **5.384.203** | **13.693.519** | **–** | 9.700.056 | 2.096.921 | – |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | **28.723.307** | **–** | **–** | 18.744.845 | – | – |
| Берілген аванстар | **–** | **650.606** | **–** | – | – | – |
| Өзге де активтер | **30.452** | **39.443** | **65** | 4.831 | 7.864 | 65 |
| Клирингке қатысушылардың қаражаты | **–** | **3.561.366** | **–** | – | 442.863 | – |
| Алынған аванстар | **–** | **1.551** | **–** | – | 4.664 | – |
| Басқа да міндеттемелер | **–** | **3.106** | **9.598** | – | 263.433 | 11.776 |

2020 жылғы 31 желтоқсанда және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін жиынтық кіріс туралы есепте байланысты тараптармен болған операциялар бойынша туындаған келесі сомалар көрсетілген.

| | *31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін* | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *2020 жылғы* | | | *2019 жыл* | | |
| | *Бас ұйым* | *Басқа да байланысты тараптар* | *Негізгі басқар-ушы персонал* | *Бас ұйым* | *Басқа да байланысты тараптар* | *Негізгі басқар-ушы персонал* |
| Қызметтерді көрсетуден түскен түсім | **313.574** | **448.363** | **–** | 179.925 | 192.178 | – |
| Пайыздық кірістер | **1.992.200** | **–** | **–** | 1.332.794 | – | – |
| Басқа да кірістер | **–** | **–** | **–** | – | 161 | – |
| Операциялық шығыстар | **–** | **(94.632)** | **–** | (15) | (58.235) | – |

Негізгі басқарушы персоналдың 13 мүшесінің сыйақысы (2019 жыл: негізгі басқарушы персоналдың 13 мүшесі) былайша көрсетілген.

| | *2020 жыл* | *2019 жыл* |
|---|---|---|
| Атқарушы орган мүшелерінің сыйақылары | **232.904** | 115.194 |
| Басқару органының сыйақылары | **59.467** | 59.672 |
| Басқа да лауазымды тұлғалар | **12.116** | 11.408 |
| Әлеуметтік салық | **28.474** | 17.126 |
| **Жиыны** | **332.961** | 203.400 |